# 15 наурыз - РЕФЕРЕНДУМ! Сіздің дауысыңыз маңызды!


# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 8 (1271)

27.02.2026

@ alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti


## БАЙҚАУ

## «ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ»

«Алатау» газеті штаттан тыс тілшілер арасында 1941-1945 жылдардағы соғыс майданындағы жауынгерлер есімін есте сақтау мақсатында байқау жариялайды. Олардың ерліктері арқасында бейбіт өмірге жеткенімізді жас ұрпаққа баяндап отыру – міндетіміз. Естеліктер осы байқау жарияланған күннен бастап 9 мамыр Жеңіс күніне дейін қабылданады. Көлемі А-4 пен 2 беттен аспауы тиіс. Жеңімпазға сыйлық редакция алқасының шешімімен беріледі.



### БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТЕР НАЗАРЫНА!

Сіздерден Ұлы Отан соғысы жылдарында майдандағы жауынгерлер ерлігін газет беттерінде жариялап, ерлігін елге таныткан қазақстандық әскери тілшілер мен фото тілшілер туралы жарияланымдар күтеміз. Ізденістеріңіз «Алатау» газетінде 26 маусымға дейін жарияланады. Үздік мақалаға бас редактордың жүлдесі бар.

Жарияланған мақалалар ТМД елдері құрған «Отанға тарту – Подарок Родине» чатында жарияланады. Чаттың әкімшісі елімізге танымал ғалым-тарихшы, журналист, Қазақ Ұлттық университетінің белсенді профессоры Ләйлә Ахметова.

***Байланыс телефоны:* 8 776 970 0718**

***Э/пошта:* alatau.offset@mail.ru**

КӘСІПКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!

## 28 АҚПАН - ҚОЛДАНЫЛАТЫН САЛЫҚ РЕЖИМІН ТАҢДАУДЫҢ СОҢҒЫ КҮНІ

**ҚҰРМЕТТІ КӘСІПКЕРЛЕР! 2026 ЖЫЛҒЫ 28 АҚПАН – ҚОЛДАНЫЛАТЫН САЛЫҚ САЛУ РЕЖИМІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА БЕРУДІҢ СОҢҒЫ КҮНІ. ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ БЕЛГІЛЕНГЕН САЛЫҚ САЛУ РЕЖИМІНЕ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ АУЫСПАУ ҮШІН ХАБАРЛАМА ЖІБЕРУДІ КЕШІКТІРМЕҢІЗДЕР. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІНЕ СӘЙКЕС ҮШ АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖИМІ КӨЗДЕЛГЕН: ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАР ҮШІН, ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ДЕКЛАРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ ЖӘНЕ ШАРУА ЖӘНЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҚТАРЫ ҮШІН.**




Оңайлатылған декларация негізінде АСР қолдануды жоспарлап отырған салық төлеушілер 2026 жылғы 28 ақпаннан кешіктірмей қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама ұсынуы қажет.

Маңызды! Егер көрсетілген мерзімде хабарлама ұсынылмаса, салық төлеушілер қолданылу мерзімі 2026 жылғы 1 қаңтардан басталатын жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне ауыстырылады.

Хабарлама беру тәсілдері:

- салық төлеушінің кабинеті арқылы (СӘАЖ АЖ «Құжаттарды тапсыру» бөлімінде – «Қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама»);
- «e-Salyq Business» мобильді қосымшасы арқылы («Сервис» – «ЖК салық режимін өзгерту»);
- орналасқан жері бойынша МКБ - да (қағаз жеткізгіште);
- екінші деңгейдегі банктердің қосымшалары арқылы («Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде – «ЖК деректемелері мен салық режимін өзгерту»).


## БАСПАСӨЗ - 2026

| *Жазылу бағасы:* | *Цена подписки:* |
|---|---|
| **редакция арқылы** | **через редакцию** |
| **1 жылға – 4 212 теңге.** | **на год – 4 212 тенге.** |
| **«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға** | **через «Казпочту» для физических лиц** |
| **1 жылға – 6 550,96 теңге.** | **на год – 6 550,96 тенге.** |
| **«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға** | **через «Казпочту» для юридических лиц** |
| **1 жылға – 8 925,28 теңге.** | **на год – 8 925,28 тенге.** |




Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: 15534 Подписной индекс для других регионов РК: 65534

# ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

### 3 БӨЛМЕЛІ ПӘТЕРДІҢ КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Михаил Шайдоров Олимпиада ойындарындағы тарихи жеңісінен кейін елге оралып, Астана халықаралық әуежайында салтанатты түрде қарсы алынды. Спортшыны күтіп алғандар арасында жанкүйерлер, спорт саласының өкілдері және ресми тұлғалар болды.

Салтанатты шара барысында Михаил Шайдоровқа 3 бөлмелі пәтердің кілті табысталды. Сонымен қатар, қазақстандық мәнерлеп сырғанаушы Софья Самоделкина мен олардың жаттықтырушылары да баспаналы болды.

### ЖЕТІСУДА 16,7 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР АНЫҚТАЛДЫ

Жетісу облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті өткен жылғы қызметінің қорытындысын жариялап, 2026 жылға арналған басым міндеттерін атап өтті. Онда аудитпен қамтылған қаражат көлемі 34,8 млрд теңгеге жетті. Жыл қорытындысы бойынша жүргізілген 65 аудиторлық іс-шараның нәтижесінде жалпы сомасы 16,7 млрд теңгеден астам бұзушылық анықталды. Анықталған олқылықтардың ішінде рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар 12,3 млрд теңге болса, тікелей қаржылық бұзушылықтар 4,4 млрд теңгеге жетті.

Қаржылық тәртіпті қалпына келтіру бағытында 3 млрд теңгеден астам қаражат қайта өндіріліп, қалпына келтірілді. Департамент тарапынан аудит нысандарына 63 нұсқама жолданып, нәтижесінде 52 лауазымды тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

2026 жылға арналған басым міндеттер ретінде Департамент мемлекеттік аудитті толықтай электрондық форматқа көшіруді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейтуді және салынған әкімшілік айыппұлдардың бюджетке 100% өндірілуін, анықталған қаржылық бұзушылықтар сомасын өндіру толықтай өтеуді, сондай-ақ, аудит нысандарына жолданған нысандарды қамтамасыз етуді айқындап отыр.

Сондай-ақ, алдағы кезеңде аудит материалдарының сапасын арттыру мен халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жандандыру арқылы облыстың қаржылық тәртібін одан әрі нығайту жоспарланған.

### «АЛТЫНКӨЛ – ҚОРҒАС» ТОРАБЫНДА ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Мемлекет басшысының көлік-транзиттік әлеуетті арттыру жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында Алтынкөл станциясы мен Қорғас шекаралық өткелі біріктірілген теміржол-шекаралық кешенінде ауқымды жаңғырту жүргізілуде. Бұл торап халықаралық көлік дәлізінің маңызды буыны саналады және елдің транзиттік мүмкіндігін кеңейтуде шешуші рөл атқарады.

Қазіргі уақытта «Алтынкөл – Жетіген» учаскесінде жалпы ұзындығы 32 шақырымды құрайтын екі аралықта екінші жол салу, сондай-ақ 5 жаңа және 8 қолданыстағы айырықты жаңарту жұмыстары жүріп жатыр. Нәтижесінде желінің өткізу қабілеті тәулігіне 18 жұп пойыздан 33 жұп пойызға дейін ұлғаяды. Жобаларды 2026 жылы аяқтау жоспарланған.

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі мәліметінше, бұл бастамалар Қазақстанның Еуропа мен Азия арасындағы транзиттік көпір ретіндегі стратегиялық маңызын күшейтіп, ұлттық көлік-логистика жүйесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

### ҚАҢҒЫБАС ЖАНУАРЛАРДЫ АУЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Жетісу облысы аумағында қаңғыбас жануарлар санын азайту бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде. Шаралар «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң аясында жүзеге асырылып, ауланған жануарларға чип тағу, вакцинациялау және стерилизациялау рәсімдері жасалады.

Облыстық ветеринария басқармасы өкілдерінің мәліметінше, биыл 1126 қаңғыбас ит ауланып, оның 98-і иелеріне қайтарылған. Бұл жануарлардың қараусыз жіберу фактілерінің бар екенін көрсетеді. Осыған байланысты иелеріне әкімшілік шаралар қолданылуда. Өткен жылы өңірде 11 мыңнан астам қаңғыбас ит ауланған.

Қазіргі таңда облыста ресми жануарлар панасы жоқ. Дегенмен, уақытша ұстау пункттері аудандарда, сондай-ақ Талдықорған және Текелі қалаларында жұмыс істейді.

Қаңғыбас ит-мысықтарды аулауға өтінімдер 8 708 332 42 01, 8 778 007 70 89 нөмірлері және «109» бірыңғай байланыс орталығы арқылы қабылданады.

### СУ АЙДЫНДАРЫНДА АУҚЫМДЫ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ РЕЙДТЕР ӨТУДЕ

Жетісу облысының құтқарушылары өңірдің су айдындарында мұз үстінде ауқымды профилактикалық іс-шараларды тұрақты негізде өткізуде.

Рейдтер аясында мамандар қауіпсіздік шараларының сақталуын күшейтіп, балықшылар мен демалушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізуде, сондай-ақ қысқы су айдындарындағы мінез-құлық ережелерін еске салуда. Мұзға адамдар жаппай шығатын орындарға ерекше назар аударылады.

Профилактикалық жұмыс жүйелі және тұрақты түрде ұйымдастырылған. Іс-шараларға әуе жастықшалы кеме мен ұшқышсыз ұшу аппараттары тартылған, бұл акваторияның едәуір бөлігін қамтып, жағдайды әуеден жедел бағалауға мүмкіндік береді.

Құтқарушылар азаматтарды сақтық шараларын сақтауға және өз өмірлерін қауіпке тікпеуге шақырады.

Қауіпсіздік – әр адамның жауапкершілігінен басталады.

### «АНАДАН ҰЛҒА ХАТ» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ІС-ШАРА ӨТТІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Арасан» шекара бөлімшесінің мерзімді әскери қызметшілерімен «Аналар жүрегі» сарбаздар аналар комитетінің «Анадан ұлға хат» акциясы аясында іс-шара өткізілді.

Іс-шара барысында сарбаздарға аналардың жылы лебізі мен тілектері жеткізіліп, рухани қолдау көрсетілді. Бұл бастама әскери қызметшілердің патриоттық рухын көтеріп, отбасылық құндылықтарды нығайтуға ықпал етті.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

# ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ӨСІМ



***Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл Қоғамдық кеңес мүшелері алдында 2025 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары бойынша есеп берді. Оның айтуынша, жыл қорытындысында өнеркәсіп, құрылыс, сауда және ауыл шаруашылығы салаларында тұрақты өсім қамтамасыз етілген. Бұл жаңа өндірістерді іске қосу, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейту және инвестиция тарту жұмыстарының нәтижесі.***

Кездесу барысында кеңес мүшелері шаһардың даму қарқынына оң баға беріп, бірқатар өзекті мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, қоғамдық көлікті жаңарту, жаңа нысандардың мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолжетімді болуы, «Ынтымақ» тұрғын үй алабы жолдарын жөндеу және сәуір айында іске қосылатын «Талдықорған-Астана» теміржол бағыты бойынша әлеуметтік осал топтарға жеңілдіктер қарастыру ұсынылды.

Қала әкімі барлық сауалдарға жауап беріп, бірқатар мәселелерді жеке бақылауына алатынын жеткізді. Сондай-ақ абаттандыру мен жол жөндеу жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасатынын атап өтті. Биыл да қаланың шет аймақтарын дамыту, жол сапасын жақсарту және тұрғындардың өмір сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**

# КЕДЕНДІК ТЕКСЕРУЛЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ 84 ПАЙЫЗҒА ЖЕТТІ



***Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті өткен жылы жүргізілген кедендік тексерулердің қорытындысын жариялады. Тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде жүзеге асырылған 3 302 тексерудің нәтижесінде 2 777 құқық бұзушылық анықталып, мемлекет бюджетіне 660 миллион теңге көлемінде кедендік төлемдер мен салықтар қосымша есептелді. Бұл көрсеткіштер өңірлік департаменттің республика бойынша алдыңғы қатардан көрінуіне мүмкіндік берді.***

Кедендік бақылау автоматтандырылған тәуекел профильдері, инспекциялық тексеру кешендерінің күдікті түсірілімдері және құқық қорғау органдарынан түскен материалдар негізінде жүргізіледі. Тексеру барысында жүк толық өлшеніп, қаптамалар ашылып, тауар саны қайта есептеледі, ал біртекті тауарлар тасымалданған жағдайда ішінара жүк түсіруге рұқсат беріледі. Барлық процесс ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында бейнежазбаға тіркеледі.

Заң бұзушылық анықталған жағдайда шаралар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі талаптарына сәйкес қабылданады. Егер келтірілген залал 10 мың айлық есептік көрсеткіштен асса, іс материалдары Экономикалық тергеу департаменті қарауына жолданады. Өткен жылы салынған әкімшілік айыппұлдардың жалпы сомасы 2,9 миллион теңгені құрап, әрбір анықталған құқық бұзушылық бойынша орта есеппен 238 мың теңге өндірілді.

**«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»**

**КӨКСУ АУДАНЫ**

# ҮЗДІК АУДАН АТАНДЫ



***13 ақпанда Жетісу облысының әкімі Б.Исабаевтың төрағалығымен «2025 жылғы Әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және 2026 жылға арналған міндеттер бойынша» облыс әкімдігінің кеңейтілген отырысы өткізілді.***

Отырысқа басқарма, департамент, мекеме басшылары, аудан, қала және ауылдық округ әкімдері мен аудандық, қалалық мәслихат төрағалары шақырылды.

Осы жиында 2025 жылы барлық номинациялар бойынша жоғары көрсеткіш көрсеткен Көксу ауданына Облыс әкімі Б.Исабаев «Үздік аудан» - деген сертификатты аудан әкімі Дәулет Кенжеханұлы Халеловке тапсырды.

Аудандағы мекеме басшыларымен және де басқа қызметшілер жиналған жиында аудан әкімі Дәулет Кенжеханұлы Халелов:

– Жетісу облысы құрылғалы бері Ауданның экономикасының даму көрсеткіштері жаман емес. Алайда ауданның ішкі мүмкіндіктері бұдан да жоғары. Біз оларды толығымен пайдалануымыз керек.

Біз өз тарапымыздан жіберілген барлық кемшіліктерді ашық айттық. Проблемалық мәселелерді оң түсіну, оларды нақты шешу жолдарын қарастыруымыз қажет. Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Өзара түсіністікпен, біліктілік пен іс-тәжірибемізді ұштастырып қызмет етсек жаңа жетістіктерге жететінімізге мен сенемін.

Ауданымыз «Үздік аудан», атағына ие болды. Бұл жетістік барлық аудан қызметкерлерінің тиянақты еңбегі мен төккен терінің натижесі деп нық айта аламыз. Жеңісіміз құтты болсын ағайын! – деп қуанышымен бөлісті.

**Сембек ӘБДІ-РАХМАН**
**Көксу ауданы**

# ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ

***Табиғат адамның бойына қуат, көкейіне шабыт, сезіміне ләззат шапағатын ұялататын сұлулық пен әсемдік әлемі. Сол сұлулықты, әдемілікті жоғалтпай қастерлеуіміз керек.***

Бұл жайында халқымыз «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Бір тал кессең он тал ек», «Бұлақ көрсең көзін аш», тағы да басқа ұлағатты сөздері, табиғатқа деген сүйіспеншіліктері қазіргі ұрпаққа үлгі – өнеге.

Ендеше елім, жерім деген ел азаматы өз туған жерінің тағдырына немқұрайлы қарамай, қоршаған ортаның тазалығына атсалысуы тиіс. Табиғаттың адам үшін маңызы зор. Орманның ең қатерлі жауы - өрт. «Өрт - тілсіз жау» деп тегін айтылмаған. Өрттің шығу себептері көбінесе шөп қалдықтарын, қоқыстарды қадағалаусыз өртеген шаруа қожалықтарының жауапсыздығынан, демалушылар мен балық, аң аулаушылар мен малшылардың жаққан оттарын сөндірмей кетулерінен дала өртіне айналып жататынын жасыруға болмайды. Өрт қаупі туралы барлық малшыларға, шаруа қожалықтарына ескертулер таратылуда. Табиғи байлығымызды қорғап, келер ұрпаққа сақтап, аманат ету - бәріміздің борышымыз.

Табиғатты аялайық, өрттен қорғайық ағайын!

**Сердалы Мерей Талғатұлы,**
**«Қапал орман шаруашылығы» КММ**
**№2 айналымының**
**орман күтушісі**

# НА ОЗЕРЕ БАЛХАШ ВПЕРВЫЕ ПРОШЕЛ ФЕСТИВАЛЬ ЗИМНЕЙ РЫБАЛКИ



***В области Жетісу в рамках развития туризма на озере Балхаш впервые прошел фестиваль зимней рыбалки «Balkhash Winter Fishing – 2026». В нем приняли участие рыболовы-любители с разных уголков страны, включая города Астана, Алматы, Усть-Каменогорск, Талдыкорган, а также тревел-блогеры из Индии и Якутии, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.***

Цель фестиваля – популяризация зимнего туристского потенциала региона и продвижение озера Балхаш не только как места летнего отдыха, но и как благоприятного направления для круглогодичных путешествий. «Фестиваль зимней рыбалки демонстрирует, что Балхаш, может быть востребован туристами не только летом, но и зимой,» - отметил руководитель областного управления туризма Сакен Тукибаев. Как отметили организаторы, фестиваль зимней рыбалки на Балхаше стал настоящим праздником для всех, кто ценит природу, активный отдых и живое общение на свежем воздухе. Это не просто мероприятие, а часть системной стратегии по формированию бренда Жетісу, способствующая развитию традиционных и созданию новых туристических маршрутов и направлений.

ПОДГОТОВКА К РЕФЕРЕНДУМУ

# ВСЕ ЧЛЕНЫ КОМИССИЙ ПРОЙДУТ ОБУЧЕНИЕ



***В области Жетысу продолжается подготовка к предстоящему референдуму. Как сообщил председатель территориальной избирательной комиссии региона Тимур Даутов, в день голосования в области будут задействованы 468 участков референдума, передает корреспондент агентства Kazinform.***

Всего в регионе сформировано 479 комиссий, в том числе 11 территориальных комиссий референдума и 468 участковых. В их состав вошли 2 989 человек. Из общего числа участков 40 относятся к категории с ограниченным доступом. В их числе 21 участок будет организован в воинских частях и пограничных заставах, 10 — в изоляторах временного содержания, 8 — в объектах здравоохранения и 1 — в доме-интернате. Особое внимание будет уделено обеспечению избирательных прав граждан с ограниченными возможностями. По состоянию на 20 января численность избирателей в области составляет 440 785 человек. Окончательная цифра проголосовавших станет известна непосредственно в день референдума.

**Фото: Kazinform**

# КИТАЙ БУДЕТ УЧИТЬ КАЗАХСТАНСКИХ ФЕРМЕРОВ ВЫРАЩИВАТЬ КУКУРУЗУ



***Как рассказал в ходе заседания правительства министр сельского хозяйства Айдарбек Сапаров, Казахстан в 2026 году планирует на треть увеличить посевы кукурузы, в том числе – в северных областях страны, где климат для кукурузы не очень благоприятный, сообщает Ulysmedia.kz.***

Как напомнил Айдарбек Сапаров, в Казахстане строятся заводы глубокой переработки кукурузы, поэтому необходимо наращивать посевные площади данной культуры, причем не только в южных, но и в северных областях страны. Министр призвал областные акиматы тщательно изучить опыт соседей по выращиванию кукурузы. Китай предъявляет очень строгие требования к казахстанской агропродукции. Только за февраль было зафиксировано несколько случаев остановки экспорта в Китай продукции из Казахстана. Сначала возникли проблемы с документами на муку, потом китайская сторона нашла в казахстанском рапсовом масле ГМО, которого не видят отечественные лаборатории.

# 60 ТЫСЯЧ ТЮЛЬПАНОВ ВЫРАСТИЛА СЕМЬЯ К 8 МАРТА



***В теплице жительницы села Мукры Коксуского района Балжан Нусип уже давно царит весна, воздух пропитан ароматом свежести, а глаза радует яркая палитра красок.***

Она ,в буквальном смысле, превратила свою жизнь в цветы. Вместе с супругом в теплицах в собственном дворе она уже пятый год подряд выращивает альстромерию и тюльпаны – передает МИА «Ratel Media» со ссылкой на пресс-службу акима области Жетісу. В цветочном бизнесе занята вся семья, и у каждого свои обязанности. Супруг Самат Жумагулов и старшие сыновья помогают на тех участках, где нужна сила, а женская половина семьи – при посадке, уходе и упаковке готовой продукции. Общая площадь домашней теплицы семьи составляет 8 соток. На данном этапе, кроме членов семьи, трудоустроено четверо местных жителей.

# КОРОТКО ОБО ВСЕМ

### ЗА НАРУШЕНИЕ ТИШИНЫ БОЛЕЕ 40 МЛН. ТЕНГЕ ШТРАФОВ

Свыше 40 млн тенге взыскано в области Жетысу за нарушения тишины в позднее время суток. Значительная сумма сложилась по итогам почти трех тысяч зарегистрированных правонарушений за прошлый год, передает корреспондент агентства Kazinform.

Отмечается, что чаще всего жалобы поступают от жителей многоквартирных домов. Основные поводы для обращений — громкая музыка, проведение ремонтных работ в ночное время и шумные застолья. Только с начала текущего года к административной ответственности за нарушение покоя граждан уже привлечены более 200 человек.

### ГАЗОВАЯ КОНСТРУКЦИЯ ОБРУШИЛАСЬ В ТАЛДЫКОРГАНЕ

В одном из микрорайонов Талдыкоргана обрушилась газовая труба, предназначенная для подачи газа в пятиэтажный многоквартирный жилой дом, передает корреспондент агентства Kazinform.

По словам местных жителей, дом пока не введён в эксплуатацию, поэтому газоснабжение к нему ещё не подключено.Металлическая опалубка и конструкция, в которую были закреплены трубы, полностью обрушились. Трубы оказались на земле рядом со зданием. В городской администрации подчеркнули, что объект находится на гарантийном обслуживании подрядной организации. В рамках обязательств подрядчиком будут проведены работы по устранению выявленных недостатков. Кроме того, все восстановительные мероприятия будут выполнены за счёт компании.

### ПОДОЗРЕВАЕМОГО В УБИЙСТВЕ СЕМЬИ ИЗ АТЫРАУ ЗАДЕРЖАЛИ В ИНДОНЕЗИИ

Задержание проведено в рамках международного розыска. Подозреваемый проходит по части 2 статьи 99 Уголовного кодекса РК («Убийство двух и более лиц»). Вместе с ним была установлена его бывшая супруга, ранее объявленная в международный розыск, как без вести пропавшая - передает BAQ.KZ.

В настоящее время решается вопрос об их депортации в Республику Казахстан для дальнейшего проведения следственных действий. По данным следствия, в ноябре 2025 года в Атырауской области мужчина, действуя из корыстных побуждений и на почве длительных бытовых конфликтов, заранее спланировал и совершил убийство двух человек. После преступления он попытался скрыть следы: закопал тела под хозяйственной постройкой, уничтожил следы крови, а также завладел имуществом и денежными средствами потерпевших.

### ОСУЖДЕННЫЙ НАСИЛЬНИК, ЭКС-ГЛАВА ПОЛИЦИИ ТАЛДЫКОРГАНА, СУДИТСЯ ЗА СЛУЖЕБНУЮ КВАРТИРУ

Осуждённый на 11 лет экс-начальник полиции Талдыкоргана Марат Куштыбаев подал в суд из колонии на департамент полиции области Жетысу. Предметом спора стала служебная квартира ,где он проживал с семьей с 2016 года. В настоящее время из этой квартиры выселяют его жену с тремя детьми. Подробности дела изучила корреспондент Tengrinews.kz. Эту квартиру выдал экс-полицейскому как нуждающемуся в жилье местный исполнительный орган. В феврале 2023 года жильё перевели на баланс департамента полиции, а в августе Куштыбаев заключил договор найма служебного жилья. 25 августа 2023 года он подал рапорт о приватизации квартиры, который зарегистрировали, но до подачи иска в ноябре 2025 года так и не рассмотрели. Судебная тяжба из-за квартиры с ДП области решилась не в пользу семьи экс-главы полиции Куштибаева. 21 января 2026 года апелляционная коллегия оставила отказ в приватизации жилья в силе.

### ОВЧАРКИ ПОГРАНСЛУЖБЫ КНБ КАЗАХСТАНА ВЫСТАВЛЕНЫ НА АУКЦИОН

В Казахстане вызвало широкий резонанс объявление о продаже служебных собак пограничной службы КНБ на электронной торговой платформе. Шесть овчарок, которые отслужили 10 лет, выставлены на аукцион с ценой от 935 тенге. Этот шаг вызвал оживленную дискуссию в социальных сетях о судьбе пожилых животных, передает корреспондент агентства Kazinform.

Некоторые пользователи соцсетей выразили недовольство, подчеркнув, что такие верные спутники службы не могут стоить так мало. В то же время, часть комментаторов согласилась с тем, что пожилым собакам нужно предоставить возможность «покоя» в условиях домашнего содержания, что является лучшей альтернативой усыплению.

### 41 ДЕНЬ НЕ БЫЛО ИНТЕРНЕТ - СВЯЗИ НА МОБИЛЬНОМ УСТРОЙСТВЕ

Департамент торговли и защиты прав потребителей по области Жетысу в судебном порядке добился возврата денежных средств жителям региона, пострадавшим от ненадлежащего оказания услуг сотовой связи одним из крупных операторов страны, передает BAQ.KZ.

Разбирательство было инициировано по коллективному обращению жителей одного из районов области. На протяжении 41 дня — услуги связи и мобильного интернета фактически не предоставлялись в надлежащем качестве. Связь была нестабильной, а доступ к интернету практически отсутствовал, при этом оператор продолжал взимать абонентскую плату в полном объёме. По итогам проверки Департамент направил иск в суд на сумму 315 538 тенге, указав, что взимание платы за фактически неоказанные услуги образует неосновательное обогащение. В ходе разбирательства оператор признал обоснованность требований, стороны заключили медиативное соглашение, утверждённое судом. В результате жителям региона было возвращено 234 657 тенге.

**(Все материалы взяты из открытых источников)**

# РЕФЕРЕНДУМҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛУДЕ?

**12 АҚПАНДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ 15 НАУРЫЗДА РЕФЕРЕНДУМ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫҒА ҚОЛ ҚОЙҒАННАН БЕРІ ЕЛДЕ САЯСИ МАҢЫЗЫ ЗОР НАУҚАНҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚЫЗА ТҮСТІ. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ХАЛЫҚҚА РЕФЕРЕНДУМНЫҢ МӘН-МАҢЫЗЫН КЕҢІНЕН ТҮСІНДІРІП, АЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТӨҢІРЕГІНДЕ ЖАН-ЖАҚТЫ АҚПАРАТ БЕРУДЕ. ОСЫ ОРАЙДА БІЗ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫН, БЮЛЛЕТЕНЬГЕ ЕНГІЗІЛЕТІН СҰРАҚТЫҢ МАЗМҰНЫН БІЛУ ҮШІН ОБЛЫСТЫҚ АУМАҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ТИМУР ДАУТОВПЕН АРНАЙЫ СҰХБАТ ҚҰРҒАН ЕДІК.**

**– Облыс көлемінде Референдумға дайындық қалай жүргізілуде?**

**–** Жетісу облысы бойынша **2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған Республикалық референдумға дайындық** жұмыстары бірқатар бағыт бойынша жүйелі түрде жүргізілуде.

Жетісу облысының аумақтық референдум комиссиясы жұмысының негізгі кезеңдері - референдум учаскелерін материалдық-техникалық жарақтандыру, комиссия мүшелерін оқыту, сайлаушыларды хабардар ету.

Бүгінге дейін Сайлау комиссиялары облысымыздың референдум учаскелеріне түгендеу жүргізіп, паспорттар тексерілді.

Референдум учаскелерін материалдық-техникалық жарақтандыру мәселелері нұсқаулыққа сәйкес шешілді. Жасырын дауыс беруге арналған кабиналар, дауыс беруге арналған жәшіктер, учаскелік референдум комиссияларының атауы бар маңдайшалар мен көрсеткіштер, қажет жарақтары, оның ішінде: телефон аппараты, сағат, сейф, калькулятор, көшіру аппараты, үстелдер мен орындықтар, компьютерлер және т.б. түгенделді.

22 ақпан күнгі акт бойынша облыс көлеміндегі аудан, қала әкімдерінің қолымен референдум учаскелеріне сайлаушылар тізімі берілді, сайлаушылар саны **–** 437 729 адамды құрайды.

Референдумға 479 референдум комиссиясы қатысады, оның ішінде: аумақтық – 11, учаскелік – 468. Барлығы 2989 комиссия мүшесі.

Референдумды дайындау және өткізу күндері атқарылатын маңызды жұмыстар референдум комиссиялары мүшелерінің тәжірибесі мен біліміне байланысты.




Осыған байланысты электоралды оқыту жоспары бекітілді, бүгіннен бастап комиссия мүшелерін ауқымды оқыту басталды.

Референдум өткізу кезінде сайлаушыларды хабардар ету өте маңызды.

Аумақтық және учаскелік референдум комиссиялары сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы қосымша хабардар етеді.

Сайлаушы өзінің тіркелген жерін ауыстырған кезде 27 ақпан - 14 наурыз аралығында сағат 18.00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініш беру бойынша дауыс беру құқығына есептен шығару куәлігін алады.

**– Халыққа таратылатын бюллетеньдердің сұрағы қандай болмақ?**

**–**2026 жылғы 15 наурыз Республикалық референдумда дауыс беруге арналған бюллетеньде ***«Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?»*** деген сұрақ қойылған. Оған жауап берудің екі нұсқасы болады: Бірі: «ИӘ, қабылдаймын». Екіншісі «Жоқ, қабылдамаймын». Әр жауап нұсқасының оң жағында бос шаршы болады. Нұсқаулыққа сәйкес, сайлаушы таңдаған нұсқаның жанындағы бос шаршыға жауабын белгілейді.

**– Облыстық және қалалық комиссия мүшелігінде кімдер бар? Толық аты-жөні мен лауазымдарын айтсаңыз?**

**–** Жетісу облысының аумақтық референдум комиссиясы мүшелері:

**Комиссия төрағасы:** Даутов Тимур Ермекұлы;

**Комиссия төрағасының орынбасары:** Сабитов Ержан Мұратұлы;

**Комиссия хатшысы:** Интенгенов Замир Рафикович;

**Комиссия мүшелері:** Айхимбекова Ботагөз Серікқызы, Албанбекова Мадина Дарханқызы, Бейсенов Самат Сұлтанбекұлы, Нургалиева Меруерт Жайыққызы.

Талдықорған қаласының аумақтық референдумның комиссия мүшелері:

**Комиссия төрағасы:** Рымтаев Әділет;

**Төрағаның орынбасары**: Меліс Маржан Махаббатқызы;

**Хатшысы:** Кузубаев Расул Нихмаджанович;

**Комиссия мүшелері:** Омар Дана Мұратқызы, Омаралин Бауыржан Түкенұлы, Смаханов Мақсат Бақытбекұлы, Фазылов Берік Жеңісұлы.

**– Облыс және қала бойынша қанша сайлау учаскескелері бар?**

**–** Референдумда 468 учаскесі жұмыс істейді, оның ішінде 40-ы қолжетімділігі шектеулі (21 – әскери бөлімдер мен шекара заставалары, 10 – ИВС, 8 – денсаулық сақтау объектілері, 1 – интернат үйі).

Талдықорған қаласы бойынша 68 референдум учаскесі бар.

**– Дауысты санау қалай жүргізіледі?**

**–** Дауыстарды санау рәсімі референдум (немесе сайлау) туралы заңнамаға сәйкес ашық түрде жүргізіледі.

Санау процесіне аккредиттелген қоғамдық бірлестіктерінің байқаушылары, БАҚ өкілдері қатыса алады.

Референдумның қорытындыларын шығару кезінде белгіленбеген үлгідегі учаскелік референдум комиссиясы мүшесінің қолы қойылмаған референдумға қойылған мәселеге қайтарылған жауаптар нұсқаларының бірде-біреуі белгіленбеген белгі карандашпен қойылған, түзету немесе өзге де бұрмалау іздері бар, оларда сондай-ақ сайлаушылардың ерік білдіруін анықтау мүмкін болмаған бюллетеньдер жарамсыз бюллетеньдер деп танылады.

Дауыс саны есептелген соң, учаскелік комиссия хаттама толтырады. Хаттамаға барлық комиссия мүшелері қол қояды.

Нәтижелер жоғары тұрған аумақтық комиссияға жіберіледі.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, азаматтарымызды, сайлаушыларды ағымдағы жылдың 15 наурызында өтетін республикалық референдумда дауыс беруге қатысуға шақырамын.

**– Тимур Ермекұлы берген жауабыңызға рахмет. Жұмысыңызға сәттілік тілейміз!**

**Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ**

# ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІН АРҚАЛАҒАН «OTERMA 2022»

**Тұрғын үй тақырыбы қашанда күн тәртібінен түспейтін сала екені белгілі. Себебі ол ұдайы таусылмайтын әрі бітпейтін қажеттілік. Қала халқы өскен сайын тұрғын үй құрылысы тоқтамайтын процесс. Соңғы 3-4 жылда Талдықорған қаласының батыс бөлігі, яғни Жалайыри даңғылының бойында жаңа 8, 9, 10 - шағын аудандар бой көтеріп, қолданысқа беріліп, көптеген адамдар баспаналы болды. Бірақ қала инфрақұрылыстары толық аяқталған жоқ. Баспанаға зәрулік тоқтамайтын жүйе болғандықтан, қаладағы тұрғын үй құрылысы да жалғаса бермек.**






Мемлекеттік құрылыс жоспары бойынша бекітілген және белгіленген жерлерде дәл қазір 11, 12, 13 шағын аудандардың жер асты коммуникациялық жұмыстары өткен жылдың қыркүйек айынан басталып жүріп жатыр.

Нақтырақ айтсақ электрлік жұмыстар (Электр станция тұғырларын орнату, жер асты электрокабельдер тарту), кәріз құбырлары, ауыз су құбырлары, жылу жүйесі құбырларын тарту жұмыстары жүргізілуде.

Осылардың ішінде тоқтаусыз әрі тиянақты жүріп жатқан құрылыс - кәріз құбырлары мен су құбырларын тартушы «OTERMA 2022» ЖШС. Мердігерлік ұжым бастығы Ерболат Ержанұлы.

Бүгінгі күні белгіленген 4063 метрдің 4000 метріне кәріз құбырлары салынды. Ал межеленген 10151 метр жерге су құбырларын салу жұмыстары басталып, жасалынып жатыр. Жұмысшылар таңғы сағат 7-ден кешкі сағат 18-ге дейін уақытпен санаспай сапалы іс атқаруда.

Жұмысты жүйелі ұйымдастыра білетін тәжірибелі бригадир Сейлханов Алпамыстың айтуынша:

- Қажетті материалдарға зәрулік жоқ. Бәрі уақытылы жеткізіліп тұрады. Негізгі құрылыс материалдары (метал құбырлар) Қытай халық республикасынан тасымалдануда. Сол сияқты бетон қондырғы құбырлар да жұмыс басына жеткілікті мөлшерде әкелініп жатады. Мұның бәрі жұмыстың тоқтамай жүруіне ықпал етеді.

Кәріз құбырлары мен су құбырларын жеткізу сияқты жұмыстарды негізінен ауыр техникалар-экскаватор, тиегіш трактор, автомашина-манупуляторлар тоқтаусыз жеткізіп, жүріп тұр. Жер асты коммуникация тарту жұмыстарының межеленген уақыты 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап 2026 жылдың мамыр айының аяғында аяқталуы тиіс. Біз тендер шартын уақытында орындап, жұмысты көрсетілген уақытта аяқтаймыз деген сенімдеміз, – дейді бригадир.

ЖШС «OTERMA 2022» мердігерлік ұжымының жұмыс жасау қарқынына қарағанда, белгіленген уақытта жұмысты аяқтайтыны көрініп тұр. Ол туралы ЖШС бастығы Е.Ержанұлы мен бригадир Алпамыс екеуінің сөздері біздің пайымдауларымызды растады. Олай болса тек істеріне сәттілік тілейміз.

**Сембек АБДРАХМАНОВ**

# «ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ БАСТАУЫ»

***ҚОҒАМ ДАМУЫ УАҚЫТ ТАЛАБЫНА САЙ ӨЗГЕРІСТЕРДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ. ӘСІРЕСЕ, МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗГІ ТІРЕГІ САНАЛАТЫН АТА ЗАҢҒА ҚАТЫСТЫ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ БОЛАШАҒЫНА ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕТІН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ. ОСЫ ОРАЙДА ЖАҢА ҚАБЫЛДАНАТЫН КОНСТИТУЦИЯ ТУРАЛЫ КӨПШІЛІК ПІКІРІН БІЛУ МАҚСАТЫНДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТЫ ГҮЛНАЗ МҰСТАФАМЕН КЕҢ КӨЛЕМДЕ СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК.***



**– Гүлназ ханым, ең алдымен, жаңа Конституция қабылдау қажеттілігі неден туындады деп ойлайсыз?**

– Мемлекетті мен әрдайым бала мен анаға теңеймін. Кішкентай бөпеден бастап, тәй-тәй басып, жан-жағына қарап өсетін жасөспірімге, кейін 30-дан асқанда ақыл тоқтатқан, өз ойы мен көзқарасы қалыптасқан азаматқа айналатыны секілді, мемлекет те белгілі бір даму сатыларынан өтеді. Бүгінгі Қазақстан – дәл сондай есейген, бағытын айқындаған ел. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары біз үшін ең бастысы – мемлекеттілікті сақтап қалу, экономика мен саяси жүйені қалыптастыру болды. Ол кезеңде көптеген шешімдер уақыт талабымен қабылданды. Ал бүгінде біз оңы мен солын таныған, халықаралық аренада орны бар мемлекетке айналдық. Сондықтан Конституцияны заман талабына сай жетілдіру – табиғи әрі қажетті процесс.

**– Сіз Конституцияға енгізілген өзгерістерді қалай бағалайсыз?**

– Конституция – жай ғана заңдар жиынтығы емес. Ол – мемлекеттің идеологиялық, құқықтық, саяси негізін айқындайтын басты құжат. Егер Ата заңда белгілі бір норма бекітілмесе, ол мәселе әрдайым тұрақсыздық пен түрлі пікірталастардың ортасында жүреді. Сондықтан негізгі қағидаларды нақтылап, уақытқа сай өзгерістер енгізу – мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда, Конституция 11 бөлімнен, 95 баптан тұрады. Соның 77 бабына өзгеріс енгізілуі – бұл жай ғана редакциялық түзету емес, ауқымды реформаның белгісі. Яғни қоғам өмірінің басым бөлігі жаңаша құқықтық негізге көшіп отыр деген сөз.

**– Экология мәселесі туралы ерекше атап өттіңіз. Неге дәл осы бағыт маңызды деп санайсыз?**

– Экология – бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі. Егер 30 жыл бұрынғы жағдайды еске алсақ, ол кезде табиғаттың ластануы бүгінгідей деңгейде емес еді.

Пластик қалдықтары, өндірістік қалдықтар, тұрмыстық қоқыс мәселесі дәл қазіргі масштабта болмады. Қазіргі таңда жер беті ластанып, ауаның сапасы төмендеп, су ресурстары азайып жатыр. Бұл – тек экологиялық мәселе ғана емес, ұлт денсаулығына, болашақ ұрпақтың өмір сапасына тікелей әсер ететін фактор.

Иә, салалық заңдар бар, шектеулер бар. Бірақ олардың барлығы Ата заң деңгейінде бекітілсе, бұл бағыттағы саясат әлдеқайда жүйелі әрі тұрақты болады. Конституцияға экологиялық жауапкершілікті енгізілуі – «Таза Қазақстан» секілді бастамалардың нақты құқықтық негізде жүзеге асуына мүмкіндік береді. Мен мұны үлкен жетістік деп бағалаймын.

**– Жаңа өзгерістер қарапайым азаматтарға қалай әсер етеді деп ойлайсыз?**

– Ең алдымен, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктері күшейеді. Мемлекет пен қоғам арасындағы жауапкершілік нақты айқындалады. Заң үстемдігі, әділеттілік қағидалары тереңдей түседі. Бұл өзгерістердің барлығы халықтың әл-ауқатын арттыруға, әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Егер заң мықты болса, мемлекет те мықты болады. Ал мықты мемлекет – азаматтарының құқықтарын қорғай алатын мемлекет.

**– Сіздіңше, бұл тарихи кезең деп айтуға бола ма?**

– Әрине. Конституцияға өзгеріс енгізу – кез келген мемлекет үшін тарихи сәт. Бұл – елдің даму деңгейін, саяси жетілуін көрсететін белгі. Біз қазір жаңа кезеңге аяқ басып отырмыз. Бұл кезең жауапкершілікті, ашықтықты, заңға құрметті талап етеді.

Мемлекет есейді, қоғам да есейді. Сондықтан Ата заңның да жаңаруы – заңды құбылыс.

**– Қорытынды ойыңыз?**

– Конституция – мемлекеттің жүрегі. Ол қалай соқса, елдің болашағы да солай қалыптасады. Бүгінгі өзгерістер – болашақ ұрпақ үшін берік құқықтық негіз қалыптастыруға бағытталған қадам.

Ең бастысы – бұл өзгерістер қағаз жүзінде қалмай, нақты өмірде жүзеге асса екен.

Сонда ғана біз шын мәнінде әділетті, таза, жауапты қоғам құра аламыз.

**Алиса ЕСЕНБЕКОВА,**
**ЖУ студенті**

# ТАЛДЫҚОРҒАНДА ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ РЕТТЕУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ З. ІЛІМЖАНОВА МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫН БАҚЫЛАУ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ Б. ОРМАНОВ «ЕРЛІК» МҮГЕДЕКТЕР ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ӨКІЛДЕРІМЕН АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ КЕЗДЕСУІН ӨТКІЗДІ.**



Кездесу барысында қатысушыларға Қазақстан Республикасы жаңа редакциядағы Конституциясының жобасы туралы, сондай-ақ Негізгі заңды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін құрылған Конституциялық комиссияның құрамы жөнінде жан-жақты мәлімет берілді. Комиссия құрамына өңірлік мәслихаттардың төрағалары, қоғамдық кеңестердің өкілдері және басқа да білікті мамандар енгені де атап өтілді.

Іс-шара аясында Конституцияда бекітілетін әлеуметтік кепілдіктерді сақтау және нығайту мәселелеріне ерекше назар аударылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қоғамдық бірлестік өкілдері мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарына және әлеуметтік саясатты дамытуға қатысты нормаларды талқылауға белсенді қатысуға мүдделі екендерін білдірді.

Департамент азаматтық қоғам институттарының конституциялық нормаларды жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды қалыптастырудағы рөлі маңызды екенін атап өтті.

Жаңа Конституция жобасының ережелерін түсіндіру және қоғамнан ұсыныстар жинау жұмыстары алдағы уақытта да жалғасады.

**Айым САБЫРЖАН,**
**ЖУ студенті**

# ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯДАН НЕ КҮТЕМІЗ?

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ АНАЛАР «ДӘСТҮРГЕ ЖОЛ» БІРЛЕСТІГІНІҢ МҮШЕЛЕРІ ЖИЫН ӨТКІЗДІ. БІРЛЕСТІК ТӨРАЙЫМЫ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫНЫҢ БАПТАРЫМЕН ТАНЫСТЫРЫП, ТАЛДАУҒА ЖӘНЕ АЛДАҒЫ РЕФЕРЕНДУМДЫ ҚОЛДАУҒА ШАҚЫРДЫ.**



Қоғам бір орында тұрмайды, қайта қарыштап қадамдар жасап, 35 жасқа жеткен Тәуелсіздігіміз адамдардың жаңа ғасырға лайық жауапкершілігі мен құқықтарын өзгерте түсуге жетелеуде.

Қазіргі Преамбулада біздің құқықтарымыз бен бостандығымыз басым болмақшы.

Өзіміздің құқықтарымызды ғана емес, өзге ұлт өкілдерінің құқықтарын сыйлауға, табиғатқа, Заң мен Тәртіпке аса ыждағаттылық танытуды Конституциямыз талап етеді.

Қазіргі таңда әлсірей бастаған отбасы, жастар тәрбиесі, оқу-білімі, ғылымы қайта қаралып, адами құндылықтар жоғарылайтынына сенім пайда болуда.

Бұған дейін аса мән беріле қоймаған некелік одақта әйелдің қысым, жәбір көруі тоқтатылмақ.

Біздер өмірінің көбі кетіп азы қалған қарт адамдар болсақ та, өскелең ұрпақтың болашағына алаңдамай тұрмаймыз.

Қазір қоғамның қай саласында болса да, күштінің әлсізге, ауқаттының жарлыға күш көрсетуі белең алуда. Адамдардың ішкі, сыртқы мәдениеті де жаңа Конституциямен өзгеріске түсеріне сенімдіміз.

Өзіміз әлемдегі ең бай жері, кені бар, дарынды адамдары бар мемлекет бола тұра, бір кезде өсу қарқыны өзімізден төмен болған мемлекеттерден азық-түлік, өнеркәсіп, мәдениет т.б материалдарды алып отырғанымыз жасырын емес. Бұл жөнінде 3-бапта көрсетілген қағидаттар өте орынды деп санаймыз.

Қазір жер-жерде қызу талқыланып жатқан 9-баптың 2-тармағы – біздің жанды жеріміз. Егемендік алғаннан бері қазақ тілі мемлекеттік статус алса да, орыс тілінде құжаттар, хабарламалар, жарнамалар мен мекеме аттары мәдени шаралар т.б өте көп болғандықтан, ана тіліміз дамудың орнына кері өзгерістерге түсіп, өзінің көркемдік, сауаттылық дәрежесін түсіріп алғанын сезінеміз.

Елімізге Қытай, Моңғолия мемлекеттерінен көшіп келген қандастарымызға осы мәселелер қиындық келтіруде.

Алдағы уақытта орыс тілінің қазақ тілімен қатар қолданылуы айтылған мәселелерді шеше алар ма екен деген сұрақ туады.

Жері кең, экономикалық потенциалы зор солтүстік облыстарға қазақтардың көптеп қоныс аударуына қызықтырмай отырған да осы тіл мәселесі сияқты.

9-баптың 3-тармағына сәйкес халқымыздың қазақ, орыс, ағылшын тілдерін үйренуіне қолдау жасайтыны көңілге қонымды. 12-баптағы 3-тармақта қос азаматтық болуға жол берілмейтіні «екі жеп биге шығатын» пысықтарға кедергі болары сөзсіз.

«Сөз еркіндігіне... кепілдік беріледі» (22-бап, 1-тармақ). Осы демократиялық принциптен ажырамауымыз керек.

Қазіргі таңда жиі айтылып жүрген сот мәселесіндегі келеңсіздіктер: зорлап мойындатуды, арызын қайта алуға мәжбүрлеуді, қамақта отырғандарға аяусыз жаза қолдануды тоқтатады деп 78-бап сендіреді.

Сондықтан жаңа Конституция жобасын қолдаймыз.

**Б. АЗАНБАЕВА**
**Талдықорған**

# ЖЕТІСУДАҒЫ ЖҰМЫС САПАРЫ: МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ ЕЛМЕН ЖҮЗДЕСТІ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ АНАС АХАТҰЛЫ БАҚҚОЖАЕВ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА ІССАПАРМЕН КЕЛІП, БІРҚАТАР ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫ ЖӘНЕ ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ. САПАР АЯСЫНДА І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ ҰЖЫМЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРІМЕН, «ҮШТӨБЕ АЙДЫН» ЖШС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ЖӘНЕ «ҚАЗСУШАР» КӘСІПОРНЫНЫҢ МАМАНДАРЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ.**




Басқосуларда конституциялық жаңғыру бағыттары, мемлекеттік басқару жүйесіндегі өзгерістер және өңірлік даму мәселелері сөз болды. Депутаттың айтуынша, жаңару – қоғам дамуының табиғи кезеңі. «Қатып қалған қағида жоқ. Заман талабына сай бейімделу – өркениетті елдің белгісі», – деді ол.

Әсіресе, басқару құрылымындағы жаңа тетіктерге назар аударылды. Вице-президент институтының енгізілуі билік пен қоғам арасындағы байланысты күшейтіп, халық үніне құлақ асатын тиімді арна қалыптастыруға бағытталғаны айтылды. Сондай-ақ, Конституциялық кеңес құрамындағы 130 адамның ішінде Жетісу облыстық мәслихатының төрағасы Тойлыбаева Гүлнар Қожағұлқызының бар екені өңір мүддесінің ескерілін отырғанын аңғартады.

Кездесулерде ел мен жер тұтастығының сақталуы – мемлекеттің басты қағидаты екені ерекше аталды. Заң шығару қызметінің нәтижесі әрдайым көзге көріне бермегенімен, қабылданған бастамалардың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа ықпалы зор екені айтылды.

Экологиялық талаптарды бұзған кәсіпорындардан өндірілетін қаражатты ауыл бюджетіне бағыттау мәселесі де көтерілді. Бұл қадам жергілікті инфрақұрылымды нығайтып, әлеуметтік жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Іссапар аясындағы жүздесулер пікір алмасу форматында өтіп, қатысушылар өз ұсыныстарын жеткізді. Мұндай ашық алаңдар өңір мен орталық арасындағы байланысты бекемдей түсетіні анық.

**Жанель ҚАНАТАЙ,**
**Ауыл партиясы кеңесшісі, «Auyl jastary» жастар қанатының**
**Жетісу облыстық филиалының төрағасы**

***С благодарностью Казахстану от имени курдского народа***



*День благодарности — особенный праздник для всех граждан Казахстана. Для нашей курдской общины он имеет глубокий, трепетный смысл, потому что связан с историей испытаний, памяти и обретения нового дома.*

*В разные исторические периоды курдский народ переживал сложные времена. В XX веке многие курдские семьи были вынуждены покинуть родные земли и оказались в Казахстане. Казахская земля стала для них местом спасения и новой надежды. В тяжёлые годы казахский народ проявил истинное милосердие, разделив с переселенцами хлеб и кров. Эта поддержка навсегда осталась в памяти поколений.*

*Сегодня потомки тех семей живут и трудятся в независимом Казахстане, вносят вклад в развитие страны, сохраняют свои традиции и вместе с тем чувствуют себя неотъемлемой частью единого народа Казахстана. Мы бережно храним свою культуру, язык и историю, но с таким же уважением относимся к традициям и ценностям страны, ставшей нам Родиной.*

*Мы искренне благодарны Казахстану — за мирное небо, за стабильность, за возможность воспитывать детей в атмосфере согласия и взаимного уважения. Благодарны казахскому народу за великодушие и открытость, государству — за политику мира и единства.*

*Особое значение для нас имеет государственный язык — казахский язык, который является символом независимости, духовного богатства и национальной идентичности страны. Его уважение и изучение — это знак благодарности земле, которая нас приняла.*

*Мир, согласие и единство — главные ценности нашего общества. И мы, представители курдского этноса, гордимся тем, что являемся частью большого многонационального народа Казахстана.*

*С искренней благодарностью и уважением к нашей общей Родине — Республике Казахстан.*

***Софья ТЕМО-ОГЛЫ,***
***активист курдского этнокультурного центра города Талдыкорган***



*Благодарность Республике — это благодарность земле, которая объединила под своим шаныраком людей разных национальностей, вероисповеданий и культур. Казахстан стал примером того, как мир, согласие и единство могут быть прочным фундаментом сильного государства.*

*Мир — это уверенность в завтрашнем дне. Согласие — это уважение друг к другу и к традициям каждого народа. Единство — это сила, которая помогает преодолевать любые трудности.*

*Только сохраняя взаимное доверие, дружбу и сплочённость, мы сможем приумножить достижения страны и передать будущим поколениям стабильный и процветающий Казахстан.*

***Ахмад МУЧУРАЕВ,***
***Председатель ОО"Общество Вайнах области Жетісу" Чечено-ингушское ЭКО***



*В преддверии Дня благодарности хочу от всей души выразить искреннюю признательность нашей Родине – Республике Казахстан.*

*Казахстан стал для многих народов общим домом, землёй мира и согласия. На этой благодатной земле представители разных этносов сохранили свою культуру, язык, традиции и при этом стали единым народом, объединённым общими ценностями – уважением, трудолюбием и любовью к Отчизне.*

*Для меня, как для Председателя Центра татарской культуры «Туган тел», особенно важно, что в нашей стране создаются все условия для развития этнокультурных объединений, укрепления дружбы и взаимопонимания. Государственный язык – казахский – является объединяющей основой нашего общества, символом единства и будущего страны.*

*Мы благодарны Казахстану за мирное небо, стабильность и возможность вместе строить сильное и процветающее государство. День благодарности – это напоминание о том, что сила нашей страны в единстве и взаимном уважении.*

***С уважением,***
***Эльмира ФАЙЗУЛИНА,***
***Председатель Центра татарской культуры «Туган тел»***



*Для меня День благодарности – это не просто дата в календаре с названием праздника, а день, в который мне хотелось бы выразить словами свое глубокое внутреннее состояние признательности земле, на которой я иду по своему жизненному пути.*

*Казахстан – это земля, которая дает опору. Я благодарна моей стране за ту уникальную атмосферу мира и согласия, где каждый человек, независимо от этноса, может чувствовать себя в безопасности и иметь достоинство приумножать свои успехи.*

*Особую благодарность хочется выразить всему народу Казахстана за его широкое сердце и гостеприимство, которые стали фундаментом нашего единства. Изучение и уважение государственного языка для меня – это ключ к пониманию души, способ выразить свое почтение культуре и традициям земли, ставшей родным домом.*

*Когда за спиной – сила рода, а под ногами – мирная и щедрая земля Казахстана, мы обретаем истинную мощь созидать и наслаждаться жизнью в гармонии друг с другом. Желаю нашей стране процветания, а каждому дому – тепла и неиссякаемой энергии успеха!*

*Благодарю, мой Казахстан!*
*Благодарю народ, живущий в нем!*
*Благодарю за мир, что всем нам дан,*
*За теплый свет, заполнивший наш общий дом.*

***Елена ЛЕНЕШМИДТ***



*В нашей стране судьбы разных национальностей тесно переплетены. Мы, старшее поколение, стараемся передать своим детям и внукам любовь и уважение к нашей Казахской земле, к людям, которые здесь живут и трудятся на благо Родины.*

*Наша задача - рассказать молодому поколению о страшных сталинских репрессиях, о безграничной благодарности к простому казахскому народу, протянувшему в тяжёлое время руку помощи, который поделился хлебом и приютил в своих скромных жилищах людей, волею судьбы оказавшихся в Казахстане... Здесь обрели наши предки поляки свою Родину, создали семьи, прожил на протяжении многих десятилетий. Вот уже пятое поколение живёт здесь, считая Казахстан своей единственной Родиной, ведь это общий дом, в котором обрели своё счастье представители разных этносов. Мы восхищаемся богатой природой Казахстана - это благоухающие луга, величественные горы, заповедники, моря, многочисленные реки... Мы гордимся нашими талантливыми писателями, поэтами и акынами...*

*Достоинства нашей любимой страны безграничны... Каждый этнос имеет возможность развивать и сохранять свои национальные традиции, язык, культуру. Но имея глубокую любовь к независимому Казахстану, уважение к государственному языку, гос. символам, истории, культуре, обычаям, нам необходимо привить и передать это высокое чувство детям. Наша сила в единстве.*

***Елена ПОРСЕВА,***
***Председатель Талдыкорганского регионального польского культурно-просветительского общества «Полония»***



*Я искренне благодарен своей стране - за мирное небо, за различные возможности расти и самое главное за возможность учиться и строить своё будущее.*

*Казахстан - это не просто территория на карте, это наша общая история, культура, традиции и общая судьба.*

*Я благодарен нашему народу за единство, трудолюбие и взаимное уважение и считаю что сила нашей страны- в сплочённости людей разных национальностей, котрые живут мире и согласии.*

*Особая благодарность нашей родной земле, котоая вырастила нас и её бескрайним степям, горвм, чистым рекам и богатой природе.*

*И конечно выражаю огромную благодарность нашему государственному языку за возможность понимания и общения со всеми проживающими в нашей стране народами и призываю всех учить и развивать наш государственный язык. Казахский язык- это душа народа, отражение его истории и духовных ценностей.*

*Еліміз нығая берсін! Отанымыз өркендей берсін!*

***Салават МИХАЛЕВ***

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 8 (1271) 27.02.2026
Алатау

# БАҚТЫБАЙ ТУРАЛЫ

## Бақтыбай Жолбарысұлының 190- жылдығына

ПОЭМА

### 1. СӨЗ БАСЫ

Бастау қиын сөздің басын өлеңмен,
Өлшенбейді өлең деген көлеммен.
Халқың сенің жырыңды оқып,
сусындап,
Рахатқа шынымен бөленген.

Құмай тазы қансонарда шалдырмай,
Қоймайды екен түлкі көрсе алдырмай.
Бірақ, бірақ ақын жайлы ардақты,
Бәрін айту мүмкін емес қалдырмай.

Оданда тек қадірле де, сыйын ұқ,
Әр уақыт жырын оқып, сүйініп.
Көрейінші бар сырымды ақтарып,
Бақтыбайдың әруағына сыйынып!

### 2. АҚЫННЫҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Сыбдыр қағып, сыршыл
аппақ қайың да,
Сырын айтты жүректі ақын жайында.
Дүниеге келіпті ғой нәресте,
Жеркепе үй, Жолбарыстың сайында.

Текелінің жар-тастары жаңғырып,
Тұрғандай ма жырын айтып ән қылып.
Ол туғанда ауыл-аймақ қуанып,
Қарсы алыпты, алтын арай таң күліп.

Қаратал да буырқанған сонда бір,
Арнасынан шалқып-тасып ол да бір.
Жеті айында шала туған сәбидің,
Періштесі көрдіңдер ме қолдап жүр!

Жерден қазған, жеркепе үй, жатаған,
Артық не бар айтылатын батадан.
«Бармақтай-ақ бақ берсін!» - деп әкесі,
Бала есімін «Бақтыбай» деп атаған.

Тағдыр сірә, қатыгездеу болған ба?
Өмір-қызық, өмір-қайғы жалған да.
Ата-анасы бірдей өткен өмірден,
Сол Бақтыбай жеті жасқа толғанда.

Асыл-арман, аңсап сүйіп, ардағын,
Болашақты болжау қиын алда кім?
Жас Бақтыбай жоқшылықпен күн кешіп,
Жетімдіктің көп көрді ғой зардабын.

Еңбек етсе бар көңілін шын бөліп,
Жүрген емес оны да бір мін көріп.
Аш-жалаңаш болмау үшін қайтсін ол,
Нағашының малын бақты күн көріп.

Сан аралап, тау мен тасты, бөктерді,
Жастық шағын ол осылай өткерді.
Жақсылардай атқа мініп, той көрмей,
Кедейліктің тауқыметін көп көрді.



Бақтыбайдың ескерткіші

Бірақ бала мойымады оған да,
«Ер жетермін, азамат боп қоғамда.
Сонда маған басын иер талайлар,
Дүрілдеген атақ-даңқым болғанда.»

Деп ойлайтын, кейде армандап кететін,
Сан қиялы, сан тарауға жететін.
Кейде налып, кейде жылап алатын,
Күндері мен түндеріне өтетін.

Бала емес пе, кейде мәз боп күледі,
Атар таңның жақсылығын біледі.
«Бағымды ашып, өтсе екен», - деп
Алладан,
Жалбарынып Бақтыбай да тіледі.

Сан жағалап, мөлдір таза бұлақты,
Сол бұлақтың әуезді әнін ұнатты.
Жер ошақта ұйықтап қалған баладан,
Қабан ақын түсіне еніп сұрапты:

«Балам, саған көген бе, әлде өлең бе?»
Керегіңді айтшы маған дегенде:
- Көген емес, ақсақалым, менің тек,
Шабытымды арттыра гөр өлеңге!»

Құлақ қойып Бақтыбайдың сөзіне,
Тура қарап отты жанар көзіне:
«Аш аузыңды түкірейін онда мен,
Шын жүрекпен қабыл алсаң өзіңе!»

Деген екен Қабан ақын тосылмай,
Бақтыбай да оянып шошымай.

Сезгеннен соң түсі екенін қуанып,
Басын иген, мінажат қып осылай.

Бұл өмірдің бар ма сірә, жаттығы-ай,
Өзегіңді өртеп әлде жаттыма-ай!
Содан бастап өлең келді өмірге,
Содан бастап ақын болды Бақтыбай!

Төгілді жыр, төгілді өлең көмейден,
Шумақ-шумақ, шыбыт-жыр да көбейген.
Бәйгедегі шын тұлпардай қанатты,
Тынысы да тарылмаған кеңейген.

Қолына алса, домбырасын ән салып,
Шырқау көкке көтерілер қаншалық.
От ауызды, орақ тілді сөзіне,
Жаулары да бас шайқайтын тамсанып.

Ой-өрісі басқалардан дара тым,
Жиын-тойда айтысып та қалатын.
Әзіл-қалжың, сөз арасын сыналап,
Жыр шабыттың көтеретін қанатын.

Сескенетін сонда тұрып мықтылар,
Мықтыларға сөз қадірін ұқтырар.
Кеуде керіп, жүрген талай жандарды,
Сөзбен жеңіп, ел алдында бұқтырар!

Сөйтіп жүріп шықты ақындық атағы,
Атағына елі мәз боп жатады.
Қаусырма жақ, орақ тілді, от ауыз,
Төленгітте Бақтыбай деп атады!

### 3. БАҚТЫБАЙ МЕН ТЕЗЕК ТӨРЕНІҢ ҚАҚТЫҒЫСЫ

Жүріп тұрған бай-манаптың дәуірі,
«Аламанда» Тезек төре ауылы.
Бие байлап, қора толған малға бір,
Сол жайлаудың азан-қазан бауыры.

Айбатынан сол төренің сескеніп,
Іргелерін аулақ салған көш-көлік.
Қаһарына қарсы келмес ешбір жан,
Мінезінің осы жағын ескеріп.

Жолы болып бірде мынау жалғанда,
Тезек төре Төленгітке барғанда.
Тәжік қызы Дәнекердей сұлуға,
Көзі түсіп, болған екен армандa.

Көкейінде арам пиғыл қалған-ды,
Үміті оның қайта содан жалғанды.
Дәнекерді зорлықпенен тартып ап,
Тезек төре әйел етіп алған-ды.

Салармын деп басып-жаншып ұлтанға,
Түсіп алды бұл төре де бұлтанға.
Теңдік сұрап алуға да бата алмай,
Бақтыбайды жіберіпті сұлтанға.

Бай ауылдың көзге көраш жаттығы-ай,
Әділдіктің айтар болсаң ақтығы-ай!
Домбырасын қолына алып «әу» депті,
Үй сыртына келіп сонда Бақтыбай:

«Я, Алла, тіл-жағыма берген медет,
Қолдай гөр, Ескелді атам, өзің демеп.
Ақ сүйек ханзаданың баласы едің,
Кембағал үй сыртына келді кедек.

Үш жүзге «Абылайлап» шыққан атың,
Ешкімге білінбеген жаман атың.
Кембағал алдыңызға келді кедек,
Алда жар, білесіз ғой жетім ақын.

Шешенде тіл, шеберде мін бола ма,
Нашарда шығатұғын үн бола ма?
Ақсүйек хан иемнің баласы едің,
Бір аттар босағаңнан күн бола ма?

Тақсыр-ау, сәлем берем тыста тұрып,
Құлақ сап, тыңласаңыз мойын бұрып.
Жалғанда зәрің қатты төре дейді,
Айтуға болар ма екен үйге кіріп?

Ұлықсат болар ма екен тақсыр маған,
Ханзада хан Абылай асыл задаң.
Жаяуға ат, жарлыға шапан бопсың,
Жайымды айтайын деп келдім саған.

Алдияр, мен бір жүрген жетім бала,
Ісіне құдіреттің не дүр шара.

# ТОЛҒАУ

Құзырлы заманында төре бопсың,
Үміткер рахымыңнан мен бейшара.

Айырылған ата-анадан жетім едім,
Тентіреп жетімдікпен кетіп едім.
Хан ұрса қайран тиер деген сөзбен,
Алдына кіргелі тұр жетімегің.»

Бақтыбайдың естіп мына сөздерін,
Алартыпты-ау Тезек төре көздерін.
«Бұл кім өзі мазамды алған соншама,
Жетер енді әрең шыдап төзгенім!»

Осы кезде Қожбамбет би: «Тақсыр!» - деп,
«Маған, сұлтан, сөз кезегін тапсыр, - деп:
Жасы кіші болса-дағы Бақтыбай,
Жалайырдан шыққан көкжал қасқыр тек.

Тұлпарды да мінер адам оттатпай,
Сөйлетіңіз бұл баланы, тоқтатпай.
Егерде ол қателесіп мүлт кетсе,
Басын алу қиын емес жоқтатпай.»

Сөзге келіп Тезек төре байсалды,
Бидің сөзі оған сірә, ой салды.
Ақылы мен орақ тілді, от ауыз,
Бақтыбайдың сөздерінен тайсалды.

«Қайда барар бұл жетімек қолда», - деп,
Ойланыпты алғашқыда ол да тек.
Айтыса кеп Тезек төре соңында,
Жеңілгенін мойындапты сонда тек.

«Өзіңменен айтысуда қауіпті»,
Аға сұлтан осылай деп тауыпты.
Қаусырма жақ, өткір тілді ақынға,
Ат мінгізіп, түйе шекпен жауыпты.

Туған ауыл, ата-жұртым, мекен деп,
Ойлады ма ақын болып кетем деп?
Айтысқанда Тезек сынды төремен,
Бақтыбайың он жетіде екен тек.

Сөйтіп мұның шықты осылай атағы,
Атағына елі мәз боп жатады.
Нағыз ақын орақ тілді, от ауыз,
Жалайырда Бақтыбай деп атады!

### 4.БАҚТЫБАЙДЫҢ МӘЙКЕ ҚЫЗБЕН ТАНЫСУЫ

Егін салып, ел молшылық күткенде,
Арылам деп ойлады ма жүктен де?
Жаз айында қауырт жұмыс қашанда,
Адамдар-ау, айтыңдаршы біткен бе?

Мақпал таңым арайланып атқанда,
Ащы тердің дәмін адам татқанда.
Бақтыбай да қолына алып орағын,
Белін буып, бидай орып жатқанда...

Ауыл жақтан шаң көрінді аламан,
Бір топ атты келе жатты жаңадан.
Егін басы еңбек күйін еселеп,
Естіледі тіршілігін даладан.

«Бір өзінде түр мен қоса ақыл көп,
Көңілі бар танысуға жақын кеп.
Бақтыбай да естіп жүрген көптен бір,
Сыпатайдан бір қыз шықты ақын», - деп.

Айтқандай-ақ топ ішінде, үкілі,
Бір қыз келді, әп-әдемі бітімі.
Қолпаштайтын секілді ме, қалай бұл,
Еріп келген нөкерінің бүкілі.

Тірі жанға алыстар ма тау деген,
Бітіспейді еш бір адам дауменен.
Сонда көрді Мәйке қызды ең алғаш,
Қолына алып домбырасын «әу» деген:

«Бақтыбай топтан шыққан ақын еді,
Ақынға ақын адам жақын еді.
Естігем Алатаудай атағыңды,
Көңілім атағыңа балқып еді.

Жаралып топырақтан адам Ата,
Әйелден еркек заты артық еді.
Ұмыттың адам Ата жолын неге,
Қадірлеп үйде күтіп жатыр едім.

Жалайыр көп мақтаған ісіңізді,
Өнермен тілге біткен күшіңізді.
Көрген соң көңілім менің жабырқады,
Күйкиген, күн қақтаған түсіңізді.»

Түріне сай, сөзі де бар ақылды,
Жібермеймін деп тұрғандай ақымды.
Тегеурінді екпініне қарасаң,
Қағып түсер мықты деген ақынды.

Біліскен соң егжей-тегжей мәністі,
Қалжыңдасып сөзбен олар қағысты.
Ақырында Мәйке қызды ұнатып,
Бақтыбайым қол ұстасып табысты.

Асыл сөзбен толғап өткен қаншаман?
Жырларына ақындардың тамсанам.
Сөйткен сұлу Мәйке қызын өмірлік,
Жары болды Бақтыбайдың аңсаған.

### 5. БАҚТЫБАЙДЫҢ ДОМБЫРАСЫ

*Сүйген жары Мәйке ақынның қара домбырасын еш адамға бермей көзінің қарашығындай сақтаған, кейін өзі дүниеден өтер шағында баласының қолына табыстаған екен. Сол қасиетті шешен домбыра Бақтыбай ұрпақтарының үйінде әлі күнге сақтаулы дейді.*

Бұл - домбыра қасиетті, киелі,
Көрген адам оған басын иеді.
Қазағымның әрнегімен ойылған,
Шанақтағы қос ішектің тиегі.



*Бақтыбайдың мазары*

Бұл – домбыра қасиетті, киелі,
Білем оны қастерлейді, сүйеді.
Мұрасы деп сақтап келген бабамның,
Ұрпағына шарапаты тиеді.

Бұл – домбыра, сән - домбыра, салмақты,
Тарих үнін, ғасыр үнін жалғапты.
Саусақтарын қос ішекте ойнатып,
Пердесінде сан жүгірткен бармақты.

Бұл – домбыра, жыр – домбыра, сырласың,



*Бақтыбайдың домбырасы*

Бүгінгі ұрпақ айтып оны жырласын!
Күмбірлетіп күйін шертсе күйшілер,
Халқың сенің құлақ қойып тыңдасын!

Бұл – домбыра, күй – домбыра, перделі,
Қасиетті Жетісудай жердегі.
Куә болған шумақ-шумақ жырына,
Жалпақ жатқан Жалайырдай ел тегі!

Бұл – домбыра қиналғанда, мұңдасың,
Күй шертсе де білем оның тынбасын.
Байқаусызда жамандардың қолынан,
Бар тілегім, айналайын, сынбасын!

Бұл – домбыра, бірге жүрген жолдасың,
Жолдасыңды әруақтарым қолдасын!
Арман бар ма бір өзінде, ақыным,
Мұра тұтқан ұрпақтарың болғасын!

Бұл – домбыра, сый – домбыра, зиялы,
Шартарапқа сапар шеккен қиялы.
Бақтыбайды шын ақын деп пір тұтқан,
Өз халқының жүрегіне сияды.

Қалды бүгін өлмейтұғын мол мұраң,
Сол мұраны көкейіме қондырам.
Бақтыбайдың әруағы үшін тартынбай,
Тарт күйіңді, қасиетті, домбырам!
Сөйле кәні, шешен тілді, домбырам!

### 6. СӨЗ СОҢЫ

Айта берсең сөз де көп табылады,
Таудан аққан бұлақтай ағыны әні.
Өткен кеше өмірден ақындарын,
Халқым бүгін осылай сағынады.

Сөзі өлмейді ақынның жаңа туған,
Ел деп туып, елі үшін жаратылған.
Жетісудың жез таңдай, ақ иығы,
Бақтыбайым ерекше дара тұлғаң.

Қайта жетті халқына өлең-жырың,
Той-жиында айтып та келем бүгін.
Кие тұтқан, қастерлеп қазағымда,
Сүймейді деп айтар ма өлеңді кім?

Жан едің ғой адамды бөлмейтұғын,
Жан азығы, жаныңды тербейтұғын.
Өткір тілді, жез таңдай Бақтыбайым,
Өлең-жырын қалдырды өлмейтұғын!

Туды бүні алдыңнан шаттық айың,
Ол күнге де асығып аптығайын.
Арқа тұтар әрқашан Жетісуым,
Өжет туған, өткір тіл, Бақтыбайың!

**Сайлаубай Тойлыбаев,**
**ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты**
**Алматы қаласы**

# ОРАЗА БАЛАЛАРҒА ДА ҚЫЗЫҚ АЙ

**ОРАЗА ДЕГЕН АЙҒА БАЛА КЕЗДЕН ҚҰЛАҒЫМЫЗҒА СІҢІП ӨСТІК. ОНЫҢ МЕН ҮШІН ЕКІ СЕБЕБІ БАР. БІРІНШІСІ – КЕШҚҰРЫМ ҮЛКЕНДЕР АУЫЗ АШЫП, ДАСТАРХАН БАСЫНА ЖИНАЛҒАНДА ТЕРЕЗЕДЕН БАЛАЛАРДЫҢ ЖАРАПАЗАН АЙТАТЫН СӘТІ. АЛҒАШҚЫДА «ОЛ КІМ-ЕЙ?» - ДЕП ШОШЫП ҚАЛАТЫН АНАМЫЗДЫ «ЖАРАПАЗАН АЙТЫП ЖҮРГЕН БАЛАЛАРҒОЙ, ШЫҒЫП КӘМПИТТЕРІН БЕР, БОЛМАСА АҚША БЕР» - ДЕП ӘЖЕМІЗ ЖӨН СІЛТЕП ОТЫРАТЫН. ҚАЗІР ЖАРАПАЗАН АЙТАТЫН БАЛАЛАРДЫ ЕСТІМЕЙТІН БОЛДЫҚ. КІМ БІЛСІН, МҮМКІН ҚАЛАЛЫҚ ЖЕРДЕ АЙТЫЛМАСАДА, АУЫЛДАРДА БАР ШЫҒАР. БІРАҚ, ЕСЕСІНЕ ҚАЛА БАЛАЛАРЫ ЖАҢА ЖЫЛ КҮНДЕРІ, РОЖДЕСТВОДА «СЕЕМ-ВЕЕМ» ДЕП ЕСІК ҚАҒЫП, ЕСІГІНІҢ АЛДЫНА ДӘНДІ ДАҚЫЛДАРДЫ СЕУІП ЖҮРЕТІНІН КӨРДІМ. АРАСЫНДА БІР ҚЫЗЫҒЫ, ОРЫСТАРМЕН ҚАТАР ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫ ДА БАР. ЕСІГІМІЗДІ ҚАҚҚАН СОҢ, БАЛАЛАР ЕКЕНІН КӨРГЕН СОҢ АМАЛ ЖОҚ, БАЛАЛАРҒА КӘМПИТ-СӘМПИТ, ТИЫН-ТЕБЕН АҚША БЕРЕМІЗ. ҚЫЗЫҚ. ОРАЗА АЙЫНЫҢ ЕКІНШІ - БІЗГЕ ЕСТЕ ҚАЛҒАН ЫСТЫҚ СӘТІ – ТАҢЕРТЕҢГІ СӘРЕСІ.**



## СӘРЕСІНІҢ БАСТЫ ДӘМІ – ЖЕНТ

Қазір молдалармен сөйлесе қалсаң оразаңды құрмамен ашу керек деп уағыздайды. Кім білсін, құрманың аш қарынға пайдасы бар болғандықтан айтатын болар. Ал біз үшін біздің бала кезіміздегі әжеміз оразаға арнап шылаған женттің дәміндей дәм бар деп айта алмаймын. Өйткені ол қолмен жиналған тарыдан жасалынатын.

Қазір ес жиып есейген шақта салыстырмалы түрде айтсақ қазіргі тарыда дәм бұрынғыдай емес. Неге деп ойлансақ, тары өсіру, жинау технологиясы өзгеруіне байланысты-ау деймін.

Сол кездің өзінде, ол өткен ғасырдың 60-70-ші жылдары, әжеміз айтып отыратын: қазір тарыны кембәйінмен (комбайн)жинайтын болыпты, біз қалған масақтарды орақпен орып алып өңдейміз, сол дәмді болады, бұрқырап иісі шығып тұрады майға салсаң да, шәйға салсаң да. Кәмбәйіннің тарысының иісі де, дәмі де жоқ – деп, магазиннің тарысын өңдеп жент шылағандарды жақтырмай отыратын.

Ал әжеміздің тары өңдегенінің өзі қарап отырсаңыз біраз шаруа. Сабақтарынан сыпырып алған тарыны келіге салып, келсаппен түйігіштеп сабақ қабығынан ажыратады. Ол жұмысқа бізді де жұмсап қояды. Қабығынан ажыраған тарыны отыны бірқалыпты жанып тұрған қазанға салып қуырады. Одан алып таза алаша немесе простыняны жерге жайып қояды да жел баяу соғып тұрған сәтте табақтағы тарыны жәймен ысқырып тұрып жоғарыдан төмен себелетіп, арасындағы қалған жеңіл қабықтардан тазартады. Қалған шаңтозаңды елеуішке салып елеп тазартады. Байқасаңыз, қаншама еңбекпен келеді тары жеу.

Тары дайын болған соң келесі сәтінде әжеміз жент шылайды. Ол да бір маңызды шаруа. Қазір ол шаруаны жент шылайтындардың бәрі біледі.

Ал, біз үшін ең қызығы әже мен атамыз екеуімен бірге сәресі ішу. Өйткені сәресіде дастарханда түрлі дәм тұрады. Ауыз ашардағы тамақты бәріміз бір дастарханнан ішеміз. Кешкі дастарханның дәмі есте қалмапты. Не берсе соны жеп жүре беретін баламыз ғой.

Ал сәресі деген керемет дәмді дастарханы бар уақыт. Женті бар, ірімшігі мен балқаймағы, қысқашпен ғана бөлінетін көгілдір түсті қант кесектері, басқа да нәрлі дәмдері бар дастархан. Қысқасы, таңғы сәресіге дастархан жайыла бастаған кезде басымызды көрпеден қылтитып, әжем мен атам не ішіп жатыр екен деп аңдимыз. Нағыз ұйқының кезі болса да жент жегіміз келіп тұрған соң мазамыз кетеді ұйқытамай. Соны сезген атам бізді дастарханға шақырады. Мен бармаймын үлкендігімді білдіріп. Он жастамын. Ал менен 5 жас кіші сіңлім барады. Ол дастарханға жеткенше атам женттен сықпа құрт сияқты етіп алақанына жентті салып құрт жасап қояды да, аласа дөңгелек үстелдің астына тастай салады. Сіңлім отырған соң ата столдың астынан сарғыш жентті шығара бастайды. Сіңлім сұрайды: - Ата, мынау не? - деп. Ата: - білмеймін, мышықтың кәкиі сияқты ғой, мә, жеп көрші! – дейді. Жоқ! - деген белгімен сіңлім басын шайқаса да атасы бергенді қолына алып, «кәки» дегенге сеніңкіремей шетін тістеп көре бастайды. Дәмі ұнаған кезде айтатыны ғой: ата, ол кәки емес, жент қой! – деп бәрімізді күлдіретін. Сонымен біз 30 күн Оразаның сәресінен қалмайтынбыз. Жент жеу үшін. Қандай тоқ тамақ. Қазір ойлаймын, біздің қазақ тамақтану жағынан, тамақ түрінен, оны қалай және қай кезде пайдалану жағынан қазіргі диетологтарыңнан артық білмесе кем білмейтін болар. Не ішіп, не жесе де ГМО дегенді білмейтін аталарымыз таза табиғи тамақты жеп дамыған ғой.

Дәл қазіргідей ауырмаған. Кейін ес білген кезімізде көшпенді қазақты солтүстіктегі ел жетілдірді, дамытты деп санамызға құйған тұжырымдармен өстік қой... Сол кезде ойлайтынмын, көшіп-қонып малдың соңында жүрсек, сонда қазақ тарыны қайдан алған? - деп. Қазіргі кезде қазақтың ұлттық тағамдарының сауда орындарында көптеп сатыла бастағаны байқалады. Демек, біз ұлттық дәмді ұмытқан жоқпыз.




## ТАРЫ - ТАЛҚАН, ЖЕНТ САТЫП ПАЙДА ТАУЫП ОТЫРҒАНДАР АЗ ЕМЕС

Ұлттық тағам саналатын тарының денсаулыққа тигізер пайдасы өте көп екендігін қазір көптеген деректерден білуге болады. Ғалымдардың пайымдауынша, тары адам бойына күш-қуат беріп, иммундық жүйені жақсартуға септігін тигізеді. Құрамындағы дәрумендер бауыр, бүйрек жұмысын жақсартып, қан қысымын реттейді екен. Алысқа бармай-ақ өзіміздің көріп жүрген апаларымыз дүкендегі шикі тарыны өңдеп, дайындау технологиясын оп-оңай ақ меңгеріп алған.

- Балаларды асырау оңай болған жоқ. Күйеуім ерте қайтыс болды да, сегіз бала маған қарап қалды. Ауылдағы тұрмыс ауыр. Күндіз колхоздың қызылшасын баптаймыз. Жұмыстан кейін сиыр сауып, нан жауып, балаларға тамақтың түрі болсын деп тары сатып алып, өңдеп, жент шылап беремін. Сиыр болған соң сүт үйде егін-тегін, балаларға айран-сүтке тары-талқан шылап беріп өсірдім ғой бәрін, - дейді көпбалалы Айткүл апа.

- Балалардың әкесінің жұмысы бірде бар, бірде жоқ. Отбасын асырау үшін тары сатып күн көріп жүрмін. Төрт баламды осы тары сатып тапқан ақшаммен оқыттым. Қиын. Бірақ қайтеміз.Бұрын қазақтар тары -талқан, жент алмаушы еді, қазір, тәубе, «үйге қонақ келуші еді, дастарханға жент қояйық» - деп немесе той-томалаққа, асқа – деп, кейде көтеріп алып кетеді, әсіресе жентті. Тары дайындау ұзақ уақыт алады, оңай да емес, машақаты көп. Үйде болса жолдасым мен қолдары бос балаларым көмектеседі. Бірнеше сатылы жұмыстардан тұрады тары дайындау. Тазалап, жақсы қуырылған тарының хош иісі бұрқырап тұрады. Тарыны сақтағанда құрғақ жерге бетін жаппай, басқа иісі бар тамақтардан бөлек сақтамаса, иісті сіңіріп алатын қасиеті бар, - дейді Айшат.

Тары дайындау жұмысымен бөліскен Айшаттан «қазіргі заманда тары түйетін келі тек музейлерден көрмесек, қазақтың тұрмысында жоқ дүние болып кетті ғой, тарыны қалай тазартасыз?» - деп сұрағанымда: «заманауи техниканың түрі көп қой» - деп қана қойды. Ары қарай біз де қазбаламадық. Коммерциялық құпиясы шығар, кім білсін...

## ТАРЫДАН ЖАСАЛАТЫН СУСЫН

Қазақтар оны «Боза» дейді. Бұрындары бұл сусын қазақ халқының той-томалағында дастарханнан түспейтін бағалы сусын болған деседі... Бұл туралы бүгінгі аға ұрпақ білгенімен жастарымыз білмейді. Бүгінде осы боза ұмытылып бара жатқандай. Себебі қазір түрлі шетелдік сусындар мен отандық шырындардың түрі көп. Оған қоса бозаны дайындау тәсілін мықты меңгерген ескі көз аналар да азайды. Бозаның бойды қыздыратын қуаты бар, – дейді білгіштер. Бозаны дәнді дақылдардың бәрінен жасауға болады. Соның ішінде тарыдан жасалған түрі өте пайдалы деп есептеледі.

Үлкендердің әңгімесінен түсінгенім, қазақтар бозаның қатты ашымаған түрін сусын ретінде, ал ашыту мерзімі тұрыңқыраған бозаның қуаты қымыздың қуатындай болған. Бой қыздыратыны да сондықтан болса керек.

Кейбір ғаламтор деректерінде Осман империясы тұсында бозаның нағыз шарықтау дәуірі болды – деп жазады. Боза сонымен бірге Болгариядағы дәстүрлі сусындардың бірі болған. Тіпті 20 ғасырларда Болгарияның Радомир қаласы боза өндірісінің орталығы болып саналып, оны өндіруші арнап ескерткіш те қойылған көрінеді. Қазір бұл жерде боза фестивалі өтіп тұрады, - деп жазады ғаламтордағы деректер.

Дегенмен, бұл сусын оңтүстік облыстардың базарларында күн салқын кезде сатылатынын көрдік. Жалпы, боза туралы деректерді білетін адам - ол бозаны дайындаушы деуге болады. Боза сатып тұрған сатушының айтуынша, тарыдан жасалған боза витаминдерге өте бай сусын болып есептеледі. Бірақ боза көп сақтауға келмейді екен, оны дайын болғаннан кейін бір тәуліктің ішінде ішіп қою керек. Оның үстіне бозаны үйге барғанда жылы күйінде ішуге кеңес береді сатушылар. Базарда боза жазғы маусымда сатылмайды, күн салқындағанда ғана сатыла бастайды. Өйткені оның бой қыздыратын қасиеті бар. Сондықтан адамға күш-қуат беріп, ағзадағы ауруға қарсы тұратын иммунитетті арттырады. Қартаюдың алдын алатын да қасиеті бар. Ағзадағы зат алмасуды күшейтеді. Сондай-ақ, кейбір ауруларға ем дейді. Бірақ нақты қандай ауруларға ем екенін боза сатушы апай атап айта алмады.

Дегенмен, анық білетіні - ұзақ уақыт ішіп жүрсе арық адам да, мал да ет алады екен. Оны мал бордақылайтын көрші атай бозаның сүзгеннен кейін қалған қоймалжыңды тастамай маған бер, бордақылайтын малға берем - деп айтқаны есімде дейді боза сатушы Қаламқас апай. /Шу ауданы, Жамбыл облысы/

## ТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Ғаламторды шарлап отырып «әлемде күріштің 7 мың түрі бар» дегенге таңқалып едім. Енді тары туралы деректерге қарасам, дүниеде тарының 500 түрі бар екен. Ол да аз сан емес. Ал енді тарының тарихына келейік. Жас кезімізде 1915 жылы дүниеге келген анамыздан сұрайтынбыз: - мама, сен тарыны қанша жасыңнан бастап жедің? Қазақтар көшпенді болса тарыны қашан егіп, қашан орып үлгереді, малдан басқа түк білмейді екенбіз ғой, - дегенде айтатынын: Тарыны мен тұрмақ менің әке-шешемнің әке-шешесі жеген, бұл қазақтың наны, о несі-ей, орыстар құсап не болса соны сұрап... - деп ұрсып тастайтын.

Сөйтсек, Жер бетінде ең ежелгі өсірілген дақылдардың бірі – тары екен. Уақыт өте қазіргі заманның жылдам тұтынылатын тағамдары арасында қарапайым тары өз маңызын жойған жоқ. Тарының құндылығы мен қасиеті, адамзаттың көне тағамы ретінде бүгінде қайта жаңғырып, отбасында ғана емес соңғы жылдары айтулы мерекелік дастархандардың сәніне айналғаны рас.

- Тары туралы алғашқы мәліметтер Қытайдың Хуанхэ өзені бойындағы ежелгі мәдениеттерден бастау алады – дейді Казақпарат сайты. Ғалымдар тарының бұл аймақта осыдан он мың жылдай бұрын егілгенін дәлелдеді. Ал Батыс Африкадағы халықтар б.з.д. 6000 жылдардан бастап тары өсіріп, оны күнделікті тағамға айналдырған. Антикалық кезеңде де тары егіншіліктің негізгі дақылы саналған. Геродот скифтердің кең далада тары өсіретінін, тіпті бұл астықтың сауда мен күнкөріс негізі болғанын жазып кеткен. Еуропа, Азия, Африкада тары адамзатпен бірге өркен жайған. Адамзат алғаш тарыны азық етіп, тары арқылы тағамдардың түрлі өзгерісіне, дамуына айрықша қол жеткізген.

Тары қазақ даласында мыңдаған жыл бойы егіліп келеді. Ерте орта ғасырлардағы археологиялық қазбалар оның тұрмыс-тіршіліктің бір бөлшегіне айналғанын айғақтайды. Соңғы онжылдықтардағы археологиялық ізденістер қазақ даласындағы егіншілік тарихын тереңдете түсті. Мысалы, Жетісу өңіріндегі қола дәуіріне жататын ескерткіштерден табылған тары дәндері оның осыдан үш мың жыл бұрын өсірілгенін дәлелдейді. Қыш ыдыстардың түбінен табылған күйікке ұқсас қалдықтар, тары қауыздары, дән қалдықтары сол кезеңде егін егудің болғанын нақтылап отыр.

Бұдан бөлек, орта ғасырдағы Сығанақ, Сарайшық, Отырар қалаларының төңірегіндегі жазба деректерде де тары атаулары кездеседі. Тіпті Шыңғыс хан дәуіріндегі жарлықтарда тары мен оның салығы туралы мәліметтер бар. Бұл тарының экономикалық маңызы орта ғасырларда да зор болғанын көрсетеді. Қазақ халқы табиғатпен үндес тіршілік кешіп, егіншілікті мал шаруашылығымен ұштастырған. Осы орайда тарының қысқа мерзімде пісетін, көп күтімді қажет етпейтін, әрі қатал климатқа төзімді ерекшелігі көшпенділерге қолайлы болғанын айтуға болады.

Тарихтың талай қатпарлы кезеңінде қазақ тарыны тамақ етті. Жұт, ашаршылық, соғыс жылдары қарапайым тары жұрттың




жанын аман сақтап қалды. «Тары жеген – тарықпас» деген мақал тарының халықты аштықтан сақтаған қасиетін білдіреді. Соған қарағанда тары тек тағам ғана емес, дүние жүзіне тарайтын сапалы тауар. Тары егушілер оның қысқа мерзімде өсіп-өнетінін, жақсы күтім болса мол өнім беретін дәнді дақыл екенін ерекше атап жатыр. Олай болса ұлттық тағамымызға айналған тарымыз таусылмасын!

**Баян ТАҢАТАРОВА**

# УДИВИТЕЛЬНЫЕ ЯВЛЕНИЯ НАШЕГО МИРА

**НАША ПЛАНЕТА – ПОРАЗИТЕЛЬНОЕ МЕСТО. В ТОТ МОМЕНТ, КОГДА ТЕБЕ КАЖЕТСЯ, ЧТО ТЫ УЖЕ ПОБЫВАЛ ВЕЗДЕ И ПОВИДАЛ ВСЕ СВОИМИ ГЛАЗАМИ, ТУТ ЖЕ НЕОПОЗНАННЫЕ ЯВЛЕНИЯ ТЕБЕ ПРЕДСТАВИТ ИНТЕРНЕТ. ЭТО НАСТОЛЬКО ИНТЕРЕСНО, ЧТО МИМО ТАКИХ ЯВЛЕНИЙ НЕ ПРОЙТИ. ЭТИ ЯВЛЕНИЯ, КОТОРЫЕ ОКРУЖАЮТ ЗЕМЛЯН, СУЩЕСТВУЮТ И УДИВЛЯЮТ СВОИМ БЫТИЕМ. ВОТ НЕКОТОРЫЕ ИЗ НИХ, ПРЕДСТАВЛЕННЫЕ САЙТОМ MAXIM.**

### ЦЕНТР НАШЕЙ ГАЛАКТИКИ ПАХНЕТ РОМОМ



Это не совсем визуальный, однако не менее удивительный факт. В самом центре Млечного Пути астрономы недавно обнаружили газопылевое облако Стрелец B2, которое целиком состоит из этилформиата.

«Ну и что?» – спросишь ты. А то, что это соединение, как предполагают ученые, придает характерный запах рому! А также на вкус оно как лесная малина. Вот такие чудеса творятся в центре нашей Галактики. Жаль, что понюхать или попробовать Стрелец B2 в ближайшее время нам вряд ли придется.

### КВАДРАТНЫЙ АРБУЗ



В Японии уже давно разработали специальные формы из прозрачного пластика, с помощью которых можно выращивать фрукты и овощи необычной формы.

Квадратные арбузы– это реальность в Японии.В частности – квадратные арбузы. Так их гораздо легче транспортировать. А вот арбузы в виде сердечка замечательно подходят на день Святого Валентина. Зачем нужны огурцы в виде звездочки, придумай сам, однако у японцев они тоже есть!

### ГОРОД, КОТОРЫЙ ГОРИТ УЖЕ ПОЛВЕКА



В штате Пенсильвания есть город Централия, который горит уже более 50 лет. Когда-то на окраине города была свалка, которую подожгли, чтобы от нее избавиться. Однако оказалось, что она расположена над серией заброшенных угольных шахт. Огонь проник в шахты, уголь загорелся и горит до сих пор, нагревая землю и выпуская токсичный дым.

В 1962 году, когда власти поняли, что потушить пожар не представляется возможным, город эвакуировали. Однако часть жителей, как это бывает, уезжать отказалась. В 2000-м их оставалось всего несколько человек, так как пожар и не думает затихать. По прогнозам, он будет гореть ближайшие 250 лет – на такой срок хватит запасов угля.

### ПРОФЕССИЯ – ДЕГУСТАТОР СОБАЧЬЕЙ ЕДЫ



В обязанности команды тестеров, которые сертифицируют элитные корма для домашних животных, входит также «попробовать продукт».

Да-да, есть люди, которые на работе едят собачью или кошачью еду и определяют нюансы вкуса. Между прочим, профессия предполагает отказ от алкоголя, курения, слишком острой пищи и сильно пахнущей парфюмерии. Все это может повлиять на способность дегустатора чувствовать оттенки вкуса элитного корма!

### ОЛЕНИ СО СВЕТЯЩИМИСЯ РОГАМИ





Это чудо природы встречается в Финляндии. Местные фермеры, которые выращивают оленей, красят им рога специальной светоотражающей краской, и оленей видно издалека, когда они выходят на шоссе.

Олени-призраки со светящимися рогами – это реальность в Финляндии.

Правда, сомневаемся, что это сокращает количество аварий. Если не знать про инициативу фермеров и увидеть такое – запросто можно врезаться в столб!

### ЧЕЛОВЕК, У КОТОРОГО РЯДОМ С ДОМОМ ГРАНИЦА ДВУХ СТРАН



Это место расположено на реке Сент-Лоуренс, через которую проходит граница США и Канады. В реке есть множество островов, часть из которых считается канадскими, а часть – американскими.

Самый короткий международный мост в мире между Канадой и США.

Так вот, остров Завикон на канадской территории принадлежит частному лицу, которое также выкупило небольшой островок по соседству, уже в США. Кстати, мостик, который соединяет острова, – самый короткий международный мост в мире.

### СЛАДКИЕ ОБОИ



Впервые такое придумал автор книги «Вилли Вонка и шоколадная фабрика» Роальд Даль. А в XXI веке задумку взяло на вооружение рекламное агентство в Лондоне. На фото ты видишь лифт, оклеенный рекламными обоями со вкусом печенья!

В 2022 году нас передергивает только от мысли о том, что люди лижут стену лифта! Однако в 2012 году многие действительно пробовали сладкие обои на вкус. Кроме того, рекламное агентство снабдило свой объект специальным швейцаром, который отклеивал и выбрасывал уже облизанное печенье (это были стикеры).

### РАСТЕНИЕ, КОТОРОЕ ЖИВЕТ ТЫСЯЧИ ЛЕТ



Вот это странное нечто, которое ты видишь на картинке, называется вельвичия. Данному экземпляру (это самый большой известный представитель вида) около полутора тысяч лет. Но вообще они могут жить и 2000 лет.

Самое старое растение на нашей планете это вельвичия. Возраст этого экземпляра — полтора тысячелетия.

Такие кусты произрастают в пустынях Намибии и Анголы, и больше нигде. Как видишь, цветочек неприхотливый. Запросто переживет не только хозяина, его внуков и правнуков, но и парочку человеческих цивилизаций.

**Автор текста: Катя Чекушина**

**І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ «ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ПЕН ҚУДАЛАУҒА НӨЛДІК ТӨЗІМДІЛІК» ТАҚЫРЫБЫНДА СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ. ІС-ШАРАНЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ «ЖАНҰЯ» ОТБАСЫН ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН.**

# ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ПЕН ҚУДАЛАУҒА – НӨЛДІК ТӨЗІМДІЛІК



Іс-шара Айдын Айымбетов атындағы оқу залында ұйымдастырылды. Кездесудің басты мақсаты – жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және қоғамда нөлдік төзімділік мәдениетін қалыптастыру.

Іс-шараны Педагогика және психология факультетінің деканы Ерлан Хаймулданов ашып, тақырыптың өзектілігіне тоқталса, Әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі проректор Болат Сериев жастар тәрбиесі мен құқықтық жауапкершілік мәселелерін көтерді. Талдықорған ҚПБ ҚҚБ Отбасылық, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің аға-инспекторы, полиция майоры Айнұр Қағазбекова тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары туралы ақпарат берді. Сондай-ақ, заңгер Айдарбек Намазбаев құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, психолог Индира Ибраимова психологиялық қолдау тетіктерімен таныстырды.

Кездесу соңында студенттер ашық форматта пікір алмасып, өз сұрақтарын қойды. «Жеке шекара қабырғасына» өз алақандарын қалдырып, зорлық-зомбылыққа қарсы ұстанымдарын жазды. «Жоқ деген сөз – жоқ», «Қудалау – махаббат емес», «Зорлық-зомбылыққа қарсымыз» секілді жазбалар жастардың бұл мәселеге бейжай қарамайтынын көрсетті. Мамандардың айтуынша, мұндай іс-шаралар жастардың құқықтық мәдениетін нығайтып, қоғамда зорлық-зомбылық пен қудалауға қарсы тұруға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

**Алиса ЕСЕНБЕКОВА,**
**ЖУ студенті**

# СОСТОЯЛАСЬ РАСШИРЕННАЯ КОЛЛЕГИЯ МИНИСТЕРСТВА ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ

**24 ФЕВРАЛЯ 2026 ГОДА ПРОВЕДЕНО ЗАСЕДАНИЕ РАСШИРЕННОЙ КОЛЛЕГИИ МИНИСТЕРСТВА ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ИТОГАМ РАБОТЫ ЗА 2025 ГОД И ЗАДАЧАМ НА 2026 ГОД.**



В работе коллегии приняли участие Заместитель Премьер-Министра – Министр культуры и информации Республики Казахстан Балаева Аида Галымовна, Министр труда и социальной защиты населения Республики Казахстан Ертаев Аскарбек Маратович, заместители акимов областей, руководители структурных подразделений и территориальных органов министерства, а также представители государственных органов, социальных партнеров и общественных организаций.

На коллегии были подведены итоги работы министерства за 2025 год, включая реализацию государственных программ и проектов в области труда, занятости, социальной защиты и пенсионного обеспечения.

Также были обсуждены задачи на 2026 год, направленные на дальнейшее развитие системы социальной защиты населения, улучшение условий труда и повышение уровня жизни граждан.

В этот же день прошла панельная сессия с территориальными департаментами Комитета государственной инспекции труда, на которой были рассмотрены вопросы государственного контроля за соблюдением трудовых прав работников, в том числе разрешению трудовых конфликтов, снижению задолженности по заработной плате и уровню производственного травматизма.

По итогам коллегии были приняты соответствующие решения и даны поручения по дальнейшему совершенствованию деятельности министерства и территориальных департаментов государственных инспекций труда.

По итогам прошлого года Департаментом государственной инспекции труда области рассмотрено 850 обращений физических и юридических лиц (невыплата заработной платы, компенсации за неиспользованные дни трудового отпуска, оплата сверхурочной работы и незаконного увольнения).

Проведены – 91 внеплановых проверок, выявлены – 80 нарушений, и наложены 37 административных штрафов на общую сумму более 10 млн тенге.

В результате принятых мер, защищены права 272 работников, выплачена заработная плата в сумме более 193 млн. тенге.

Обстановка в трудовых коллективах области стабильная, работа в данном направлении будет продолжена.

**РГУ «Департамент Комитета**
**Государственной инспекции труда**
**Министерство труда и социальной защиты**
**населения РК по области Жетісу»**

# ЗАКОН - НА СТОРОНЕ РЕБЕНКА

**Неуплата алиментов – это не просто игнорирование финансовых обязательств, а серьезное нарушение закона, которое может повлечь за собой ряд неприятных последствий для должника.**

В Казахстане законодательство четко регулирует порядок взыскания алиментов и предусматривает меры воздействия на тех, кто уклоняется от своих обязанностей.

Первым шагом, который предпринимают государственные органы при неуплате алиментов, является привлечение должника к административной ответственности. Это может включать штраф. Его размер зависит от срока неуплаты и может быть значительным. Он рассчитывается как процент от суммы задолженности или как фиксированная сумма.

В случае злостного уклонения от уплаты алиментов, суд может назначить административный арест. Это означает, что должник будет помещен в изолятор временного содержания. Должнику могут быть назначены общественные работы, которые он обязан выполнять в свободное от основной работы время.

Если административные меры не приносят результата, и должник продолжает уклоняться от уплаты алиментов, дело может быть передано в уголовное производство.

Помимо административной и уголовной ответственности, существуют и другие меры, которые могут быть применены к должнику.

Судебные исполнители имеют право принудительно взыскивать задолженность по алиментам. Это может включать арест банковских счетов и счетов в электронных кошельках. Деньги с этих счетов будут направлены на погашение долга. Также часть заработной платы должника будет автоматически удерживаться в счет алиментов.

Должники, имеющие задолженность по алиментам, могут быть внесены список лиц, которым запрещен выезд за пределы страны.

В крайних случаях, если неуплата алиментов является систематической и злостной, суд может принять решение о лишении должника родительских прав. Это означает, что он потеряет право на общение с ребенком и участие в его воспитании.

В некоторых случаях информация о должниках по алиментам может быть опубликована в открытом доступе, что может негативно сказаться на их репутации.

Важно понимать, что закон на стороне ребенка. Основная цель законодательства – обеспечить права и интересы ребенка, гарантировать ему достойное содержание. Неуплата алиментов – это не только финансовая проблема. Это также вопрос моральной ответственности и уважения к закону.

**Бибигуль ТАЛИМЖАНОВА,**
**Частный судебный исполнитель**
**исполнительного округа**
**области Жетісу**

# КОРРУПЦИЯ В ОРГАНАХ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ВЛАСТИ

**Коррупция в органах государственной власти остаётся одной из самых серьёзных проблем в Казахстане и оказывает негативное влияние на жизнь каждого человека, в том числе жителей нашего региона. По итогам 2025 года Казахстан получил 38 баллов из 100 по Индексу восприятия коррупции, опубликованному международной организацией Transparency International, и занял 96-е место из 182 стран мира. Этот показатель ниже, чем в прошлом году, когда страна набрала 40 баллов и находилась на 88-м месте, что свидетельствует о том, что восприятие коррупции в нашей стране ухудшилось.**

Смысл этих оценок прост: чем выше баллы в Индексе восприятия коррупции, тем ниже уровень коррупции в государственном секторе. Значение 38 баллов означает, что многие эксперты и представители бизнеса считают, что коррупционные риски в государственных органах остаются значительными. Мировой средний показатель по этому индексу составляет около 42 баллов, что немного выше, чем у Казахстана, и это подчёркивает необходимость действий.

Что это значит для обычных людей? Проблема коррупции не остаётся где-то абстрактно «в столице» или «на высоком уровне». Она проявляется в повседневных ситуациях: при получении лицензий и разрешений, при государственных закупках, конкурсах на выполнение работ и услуг, при построении дорог, управлении инфраструктурой и даже в сфере здравоохранения и образования. Когда ресурсы расходуются непрозрачно или распределяются по неформальным каналам, в первую очередь страдают обычные граждане, а не те, кто причастен к подобным схемам.

Жители Жетісу и других регионов нередко сталкиваются с последствиями коррупции в жалких результатах ремонтов, задержках в реализации социальных проектов, недостаточном контроле качества услуг и неэффективном использовании бюджета. Каждый тенге, который уходит не по назначению, — это упущенная возможность улучшить дороги, школы, больницы, создать новые рабочие места, поддержать местный бизнес и укрепить доверие граждан к государственным институтам.

Ещё один аспект проблемы — её влияние на экономический климат. Инвесторы и предприниматели, рассматривая возможности для развития бизнеса, обращают внимание на уровень коррупции, поскольку он влияет на предсказуемость и честность решений. Высокий уровень риска может отпугивать инвесторов и мешать развитию новых предприятий в регионе, что, в свою очередь, ограничивает экономический рост и создание рабочих мест. В таких условиях молодые специалисты могут выбирать работу за пределами региона или даже страны, где условия ведения бизнеса кажутся более прозрачными и справедливыми.

Несмотря на это, государство предпринимает попытки снизить коррупционные риски. В 2025 году Антикоррупционная служба была реорганизована и вошла в структуру Комитета национальной безопасности, что, по мнению властей, должно усилить координацию и эффективность борьбы с коррупцией. Однако одних лишь организационных изменений недостаточно: важно, чтобы работа государственных органов была максимально прозрачной, подконтрольной обществу и эффективной на практике.

Что может сделать каждый из нас? Борьба с коррупцией — это не только задача государственных служащих, но и ответственность каждого гражданина. Гражданский контроль, открытость информации о госзакупках, активное участие в обсуждении местных бюджетов и проектов, сообщения о нарушениях через официальные каналы — всё это помогает снижать коррупционные риски. Когда люди знают свои права, когда они могут спокойно обратиться в соответствующие органы без страха давления или репрессий, система становится более устойчивой и честной.

Важно также понимать, что коррупция не только экономическая проблема, но и социальная. Она подрывает доверие между людьми, ослабляет институты, нарушает принципы равенства и справедливости. Молодёжь, выбирая профессию, деятельность и жизненный путь, должна видеть, что честность ценится и защищается, а не терпится и вознаграждается. Только через формирование прозрачных и справедливых механизмов можно рассчитывать на устойчивое развитие общества и повышение качества жизни в нашем регионе и в стране в целом.

Каждый год, когда международные организации публикуют результаты Индекса восприятия коррупции, это не просто сухие цифры — это отражение того, как мир видит работу государственных институтов Казахстана. Падение позиций страны в рейтинге — это сигнал к тому, что необходимо усиливать работу по укреплению честности, ответственности и подотчётности власти. Улучшение этих показателей возможно только в том случае, если усилия государства будут поддерживаться активной гражданской позицией, открытым диалогом с обществом и чётким контролем за расходованием ресурсов.

**Руслан САПОРОВ,**
**судебно-медицинский эксперт**
**Института судебных экспертиз**
**по области Жетісу**

ЛАУАЗЫМ

# СЕНІМ ЗАҢМЕН ЕМЕС, МІНЕЗБЕН КЕЛЕТІН МӘРТЕБЕ

Еліміздегі сот жүйесі – адам мен азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуде ерекше орын алатын дербес билік тармағы болып табылады. Бұл – материалдық және прцессуалдық заңнама белгіленген қатаң тәртіппен жұмыс істейтін иерархиялық жүйе. ҚР «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Заңының 1-бабына сәйкес, судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Соттың бейтараптығы сот қылмыстық істі айыптау және қорғау тараптарының бәсекелестігі негізінде, істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу арқылы әділ шешуге тиісті екендігін білдіреді.

Түптеп келгенде, Қазақстан Республикасының атынан шешім шығаратын, адамдардың тағдырына араласатын, тағдырын өзгертіп те жіберетін міне осындай үлкен жауапкершілік бұл ел алдында әр соттың, әр азаматтың әрбірден соң өзінің арының алдында зор жауапкершілік жүктейтін, сондықтан қара қылды қақ жаратындай әділ де лайықты шешім шығару әрбір судьяның асыл парызы, мәртебелі міндетті болып табылады. Ол үшін судьяға заңды бес саусақтай білу ғана жеткіліксіз, ал, одан ең бастысы адал, әділ болу, әрқашан жоғары біліктілік пен әділдік, адалдық талап етіледі.

Бүгінгі таңда Қазақстан құқықтық мемлекет құрып отырғаны да баршаға аян. Сондықтан құқықтық мемлекетте сот билігі ерекше орын алады. Ал сол сот билігінің басында тұрған, әділдіктің айнасы саналатын тұлға – судья. Судья – тек заң нормаларын қолданушы емес, ол – адам тағдырына тікелей ықпал ететін, әділ шешім қабылдау арқылы қоғамдағы тұрақтылық пен сенімді қалыптастыратын жауапты қызмет иесі екені де даусыз.

Жасыратыны жоқ, судьяның қызметі аса жоғары кәсібилікті талап етеді. Ол заңдарды терең меңгерумен қатар, өмірлік тәжірибеге, психологиялық төзімділікке және әділдік сезіміне ие болуы қажет. Себебі әрбір сот ісінің артында – адам тағдыры, отбасының болашағы, кейде тұтас қоғамның мүддесі тұрады. Сондықтан судья қабылдаған әрбір шешім заң талаптарына ғана емес, әділет қағидатына да сай болуы керек.

Әлбетте, судья болу – билік жүргізу емес. Бұл – адамдарға әділдік сыйлау, олардың заңға, өмірге, өз болашағына деген сенімін сақтау. Кейде сот залынан шығып бара жатқан адам шешімге наразы болуы мүмкін, бірақ уақыт өте ол сол шешімнің дұрыс екенін түсінеді. Себебі сот әділетті шешім қабылдауға міндетті, ал шынайы әділдік – әрдайым оңай шешім емес. Сондықтан судья заң алдында ғана емес, адамгершілік алдында да жауапты. Ендеше әрбір істі қараған сайын, тек заң талаптарымен қатар, адамның ішкі дүниесін де түсінуге талпынуы керек. Себебі әділдік – тек заң аясында емес, адам тағдырында көрініс табатын шындық. Судья болу – бұл жай ғана жұмыс емес, өмірің әділдікке арнау.

Демек, судья қызметінде адал болу – заң талабы, сол себепті де оның қызметінде бұл мәселенің туындамауы қажет. Себебі судья – ол әрқашан да адалдық пен әділеттілік үлгісі. Судьялар әділ үкім шығарып қана қоймай, қоғам алдында жауаптылықты сезініп, өзінің жоғары мәдениетімен, әдебімен, жеке қасиеттерімен баршаға үлгі болуы қажет. Халық сенімі тек заң талаптарын мүлтіксіз орындаумен ғана емес, судьяның қалтқысыз қызметіне, қайсарлық мінезіне байланысты да қалыптасатын мәртебе.

**Айдын АЛДАБЕРГЕНОВ,**
**Талдықорған мамандандырылған тергеу сотының төрағасы.**

МАМАН МІНБЕРІ

# СЫЛТАУ ІЗДЕП СОЗБАЛАҢҒА САЛҒАНША...

Бүгінгі қарбалас қимылға толы зымыран заманымызда бір-бірімен араздасып, арпаларында туындаған дауларын өзара шеше алмай, ақыры сотқа жүгініп, соттың шығарған актісіндегі жауапкерге жүктелген міндеттерді орындата алмай аяғынан тозып жүрген жандар жетіп артылады. Жүйкелері жұқарып, үміттері үзілу үстінде қалған осындай жандар өздеріне тиесілі «сыбағаларын» өндіріп алу үшін атқарушылық іс жүргізу жеке сот орындаушысының құзырына түскен соң енді бар үміті мен сенімін жеке сот орындаушысына артады. Содан кейін жеке сот орындаушылары заңды белден басып, заңды күшіне енген сот шешімін орындаудан жалтарып жүрген жауапкерлерді «жүгендеу» үшін өзінің тікелей міндетін орындауға кіріседі.

Жеке сот орындаушысының міндетін орындауға кіріскен кезінде «борышкер» қарызын өтеудің орнына, түрлі құйтырқы айла-шарғыларға барып, созбалаңға салып, жалтарудың амалын ойластырып жататыны да құпия емес. Тіптен, жеке сот орындаушысының әрекетінен заң бұзушылық көріністерін іздестіріп, сотқа да арыздanып жататыны қынжылтады. Мұны біреулер құқықтық сауаттылығы төмен болғандықтан жасайтын болса, кейбіреулері «Суға кеткен тал қармайдының» кебін киіп, әдейі уақытты ұтқызу үшін осындай әрекетке барады. Ендеше, бүгінгі шағын мақаламызда жеке сот орындаушысының қандай құқықтары бар екені жайлы тағы да еске сала кетсек артық болмас. Сонда жеке сот орындаушысының заңды әрекеті үшін де сотқа шағымданушылардың қатары азая түсер деген ойдамыз.

Атап айтқанда, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 147-бабында жеке сот орындаушысының құқықтары көрсетілген. Оған сәйкес, жеке сот орындаушысы: осы Заңда көзделген атқарушылық әрекеттерді өзіне өтініш жасаған жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне сай жасауға; кез келген банкте банктік шоттар, оның ішінде валюталық шот ашуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары мен міндеттерінің болуына, кеңсе қызметкерлерін жалдауға және жұмыстан босатуға, түскен кірістерге билік етуге, сотта өз атынан сөйлеуге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да әрекеттер жасауға; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, медициналық және әлеуметтік сақтандыру жүйелерінің қызметін пайдалануға; мемлекеттік тіркеу органдарының және өзге де ұйымдардың электрондық деректер базасынан мәліметтер алуға; атқарушылық құжатта көрсетілген соманы толық өтеу арқылы оны өзінің іс жүргізуіне қабылдауға және борышкерден осы Заңның 118-бабына сәйкес оның қызметіне ақы төлеуді ескере отырып, оны өтеуді талап етуге; Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ, борышкерлерге айтарымыз, сылтау іздеп созбалаңға салғанша, берешегін беріп құтылудың жолын іздегендері жөн болар.

**Жадыра ИСАБЕКОВА,**
**Жетісу облысы атқару округінің жеке сот орындаушысы.**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

# ХАЛЫҚҚА ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫН ЖАППАЙ ЖҮРГІЗУ ҚАЖЕТ

Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық ҚР азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуі керек. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Оның алдын алу, орын алуына мүмкіндік туғызбау үшін барлық мекеме – ұйымдар, ұжымдар, қоғамдық ұйымдар, барлық азамат іске немқұрайлы қарамауы керек. Жең ұшынан жалғасқан жемқорлықпен күреске барша жұрт атсалысқанда ғана нәтижелі болмақ.

Қазіргі кезде мемлекетімізде бірегейлі өзекті мәселелердің бірі сыбайлас жемқорлық болып отыр. Сыбайлас жемқорлық тек қана Қазақстанды ғана емес, әлемнің басқа да елдерін толғантқан мәселенің бірі. Бір айта кететін жай, сыбайлас жемқорлық ұғымымен жалғыз пара алуды ғана баламалауға болмайды. Өйткені, бұл қылмыстың осы түрінің көп көріністерінің бірі ғана. Қоғамымызда әлі болса жемқорлықтың орын алуы, еліміздің экономикалық дамуы мен оның өркендеуіне кері әсерін тигізетіні баршамызға белгілі. Үлкен әлеуметтік кесел болып табылатын ол, саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Әлемнің көптеген елдеріндегі жемқорлыққа қарсы күрес қағидаларының бірі – Заң алдында барлық адамдардың теңдігі. Жемқорлық қылмыс жасаған азаматтар өздерінің әлеуметтік жағдайына қарамастан Заң алдында жауапкершілікке бірдей тартылады.

Қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретен осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар жүйелі түрде қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейін тереңдету мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Осыған байланысты тек құқық қорғау органдары ғана емес, барлық мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар, бүкіл әлеумет, әр азамат оған қарсы тұруға шешім қабылдауы керек. Сонда ғана жемқорлыққа жол берілмесі анық.

**Лира ҚАДЫРҚҰЛОВА,**
**Қонаев қаласы мамандандырылған тергеу соты әкімшісінің басшысы.**

МОБИЛЬНЫЕ ПЕРЕВОДЫ

# ЧТО ИЗМЕНИТСЯ С 2026 ГОДА

**Департамент государственных доходов по Мангистауской области информирует, что с 1 января 2026 года вводится новый критерий контроля мобильных переводов, передает DKNews.kz.**

**Что меняется?**

Раньше учитывалось только количество переводов — 100 и более от разных лиц в течение 3 месяцев подряд. Теперь добавляется ещё одно условие:общая сумма этих поступлений за те же 3 месяца должна превышать 12 минимальных зарплат (МЗП).

**Когда возникает признак предпринимательской деятельности?**

Если на ваш личный счёт (не для бизнеса) за каждый из 3 подряд месяцев поступило от 100 разных людей, и общая сумма превысила 12 МЗП, то такие операции будут считаться имеющими признаки предпринимательского дохода.

В целях реализации абзацев второго, третьего, четвертого, пятого, седьмого, девятого, десятого, одиннадцатого, двенадцатого, тринадцатого и четырнадцатого подпунктов 17), 18), 21) и 24) пункта 2 статьи 55 Налогового кодекса Республики Казахстан, вступающего в действие с 1 января 2026 года, принят приказ Министра финансов Республики Казахстан от 12 ноября 2025 года № 698 «Об утверждении форм предоставления органу государственных доходов банковскими организациями сведений о наличии и номерах банковских счетов физических и юридических лиц, об остатках и движении денег на таких счетах, предоставленных кредитах физическому лицу, у которого возникла обязанность по представлению декларации об активах и обязательствах, о доходах и имуществе, Правил и сроков представления сведений по налогоплательщикам, осуществляющим электронную торговлю товарами, а также Перечня и Правил представления сведений по итоговой сумме денег, поступивших на банковский счет физического лица, имеющей признаки получения дохода от осуществления предпринимательской деятельности и критериев отнесения к таким операциям» (далее — Приказ).

Нововведением Приказа является введение порога для отнесения операций на банковских счетах физических лиц к операциям, имеющим признаки получения дохода от осуществления предпринимательской деятельности.

Ранее критерий основывался исключительно на количестве поступлений — от 100 и более разных лиц в течение трёх последовательных календарных месяцев, — новая редакция дополняется следующим условием: итоговая сумма поступлений за аналогичный период должна превышать 12-кратный размер минимальной заработной платы, действующей на 1 января соответствующего финансового года.

Таким образом, к критериям относятся получение одним физическим лицом в течение каждого из 3 (трёх) последовательных календарных месяцев от 100 (ста) и более разных лиц денег на банковский (-ие) счёт (-а) физического лица, не предназначенный для осуществления предпринимательской деятельности, итоговая сумма которых за указанный период превышает 12-кратный размер минимальной заработной платы, установленный законом о республиканском бюджете и действующий на 1 января соответствующего финансового года.

# КӨКСУЛЫҚТАРДЫҢ ҚАРҚЫНЫ КҮШТІ

**КӨКСУ АУДАНЫ СПОРТТЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРІМЕН ТАНЫМАЛ БОЛЫП ЖҮРГЕН ӨҢІР ЕКЕНІ БАРШАҒА АЯН. БҮГІНГІ ТАҢДА ДА ОСЫ АУДАНДА САЛАУАТТЫ ӨМІРДІ ОРНЫҚТЫРЫП, БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ КЕҢІНЕН ДАМЫТУҒА АЙРЫҚША НАЗАР АУДАРЫЛЫП ОТЫРҒАНЫН КӨКСУЛЫҚТАРДЫҢ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ ҚОЛ ЖЕТКІЗІП ҮЛГЕРГЕН КӨРСЕТКІШТЕРІНЕН-АҚ КӨЗ ЖЕТКІЗУГЕ БОЛАДЫ. ОНЫҢ ҮСТІНЕ, БҰЛ ТЕК КӨКСУ АУДАНЫ БАЛАЛАР ЖӘНЕ СПОРТ МЕКТЕБІ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН СПРТТЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ ЕКЕНІН ДЕ АЙТА КЕТУ КЕРЕК. БҰЛ ТОПТАМАНЫ АТАЛМЫШ МЕКТЕПТІҢ СПОРТ ӘДІСКЕРІ АЙНҰР САМЕНОВАНЫҢ БЕРГЕН АҚПАРАТТАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.**


















### БОКСТАН V-РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АШЫҚ ТУРНИР

2026 жылдың 14-18 ақпан күндері аралығында Астана қаласында бокстан 2008-2009 жылы туылған жастар арасында Ауған соғысының батыры "Қара майор" Б.Т.Керімбаевты еске алуға арналған V-Республикалық ашық турнирі өтті.

Аталған жарыста Монғолия Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Қостанай облысы, Абай облысы, Ақтөбе облысы, Қызылорда облысы, Жетісу облысы, Алматы қаласы, Астана қаласынан 150-ден астам боксшы қатысып, бас жүлде үшін шаршы алаңға шықты.

Осынау дүбірлі додада Берік Әділбеков баптаған Көксу ауданының балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің түлегі Нұртілеу Елжар 54 кг салмақта өнер көрсетіп қола медаль иегері атанды.

### ДЗЮДОДАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР

2026 жылдың 20-24 ақпан күндері аралығында Талдықорған қаласында дзюдодан 2011-2012 жылы туылған жасөспірімдер арасында ҰОС ардагері, Қызыл Жұлдыз орденінің иегері Р.Абылхановтың жүлдесіне арналған Республикалық турнир өтті.

Жарыстың нәтижесі бойынша Көксу ауданы балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің білікті бапкерлері Алдаберген Сиржанов пен Бақыт Көбегеннің шәкірттері Бақыт Мансұр 60 келіде, Даутбек Арман +73 кг салмақта татамиге шығып, қола медальды қанжығалаunion, 44 келі салмақта Фидан Гасанова ақтық белдесуде ғана қарсыласына жол беріп, күміс жүлдегер атанды.

### САМБОДАН ОБЛЫС ЧЕМПИОНАТЫ

2026 жылдың 15-17 ақпан күндері аралығында Талдықорған қаласында самбодан 2008-2009 жылы туылған жасөспірімдер арасында Жетісу облысының чемпионаты өтті. Осы біріншілікте Көксу ауданы балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары тамаша табысқа жетті. Атап айтсақ, Жетібаева Альбина 47 кг, Құрманбекқызы Үміт 54 кг, Құдайберген Айым 59 кг, Мұхамет Маржан 65 кг, Қуандыққызы Айсұлу 72 кг, Әділ Нұрасыл 79 кг, Тұралы Адай 88 кг, Сайранбекұлы Шақабай +98 кг облыс чемпионы деген құрметті атақты жеңіп алды. Ал, Пидахмет Балауса 54 кг, Аияз Бағжан 65 кг және Бейсембай Алишер 98 кг салмақта белдесуге шығып, күміс медальды қанжығалады. Сонымен қатар, Болатқызы Гүлзат 50 кг, Байғали Нұрай 54 кг, Бекзат Жалғар 53 кг және Әлібек Арнұр 71 кг салмақта сынға түсіп, команда қоржынын қола медальмен толықтырды.

Оқушыларымыздың осынау жарқын жетістікке жетуіне тәжірибелі бапкерлер Алдаберген Сиражанов, Тәңірберген Серижанов, Ербол Жапаш, Қазбек Нұртілеуов өлшеусіз үлес қосты.

### СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ЖАУЫНГЕРЛІК САМБО

2026 жылдың 14-15 ақпан күндері аралығында Талдықорған қаласында спорттық және жауынгерлік самбодан 2006-2007 жылы туылған жастар арасында Жетісу облысының чемпионаты өтті. Жарыс қорытындысы бойынша біздің спорт мектебінің түлектері жоғары жетістікке жетті.

Бұл байрақты бәсекеде Алдаберген Сиражанов, Тәңірберген Серижанов, Қазбек Нұртілеуов сияқты білікті бапкерлердің шәкірттері барлық салмақ дәрежелері бойынша шеберлік танытты. Спорттық самбо түрінен барлық белдесулерінде қарсыластарын қаплы қалдырған Капура Таңнұр 59 кг, Шаймерден Аян 64 кг, Әбілез Айсұлтан 71 кг, Махмұт Құрмет 79 кг, Сайранбекұлы Шақабай +98 кг салмақта жеңіс тұғырының ең жоғары сатысына көтеріліп, алтыннан алқа тағынды. Ал, Мұратқызы Ақерке 59 кг, Әбдірахман Мадина 65 кг, Мейрамбекқызы Салтанат 72 кг, Оспанғали Омар 58 кг, Жатаков Дидар 71 кг, Тилейхан Рамазан 98 кг салмақта татамиге шығып, күміс медальды еншіледі. Сондай-ақ, Камилова Құралай 72 кг, Нұрлан Ануар 53 кг, Әлібек Арнұр 71 кг, Естемес Есңұр 71 кг, Есімхан Ерний 79 кг салмақ дәрежесінде үшінші жүлделі орындарға көтерілді.

Жауынгерлік самбо бойынша 64 кг салмақта жекпе жекке шыққан Төрехан Нұрислам қарсылас шақ келтірмей, чемпион атанса, оның командалас досы Дүйсенбай Ибрахим 64 кг келі салмақта күміс медальға қол жеткізді.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

# БӨЛМЕ ГҮЛДЕРІН БАПТАУДЫ БІЛЕМІЗ БЕ?

**Гүл - сұлулықтың, әсемдіктің белгісі. Тіпті, адам жанын емдейтін, көңіл-күйін көтеретін қасиеті де бар. Әсіресе, бөлме гүлдері адам жанына жылулық сыйлайды. Гүл өсірудің де тәсілдері болады. Әр гүл әртүрлі баптауды қажет етеді. Біреуі суды көп қажет етсе, біреуіне жарық көбірек қажет. Гүлдің өзіндік ерекшеліктерін біліп жүрейік.**

**Юкка** – ағаш пішіндес өсімдік. Солтүстік Американың ылғалды субтропикалық аймағынан шыққан. 40-қа жуық түрі бар. Оның бақшада, құмырада өсетін, аласа бойлы, жасыл және ала жапырақты түрлері бар. Юкканың «Yucca elephantipes» деп аталатын түрін үй жағдайында өсіруге болады. Діңінің жоғарғы тұйық басынан семсер тәрізді ұзын да қалың жапырақтары тарала өседі.

Жапырақтарының ұзындығы – 30-75 см, жалпақтығы – 5-8 см аралығында, түсі жасыл. Юкка жарық сүйгіш өсімдік. Суыққа да төзімді. Жаз айларында жеткілікті мөлшерде, қыста сирек суғарылады. Жапырақтарын тазарту үшін су бүркіп немесе дымқыл матамен сүртуге болады. Наурыздан тамызға дейін айына бір рет топырағын тыңайтып тұру керек.

Юкка гүлі қалемшелеу арқылы көбейтіледі. Ұзарып өскен юкканың діңін бірнеше бөлікке бөліп, тамырландыру жолымен көбейтуге болады. Сондай-ақ тамырларындағы түйнектерімен көбейтуге болады.

**Бегония** – жапырағы түрлі түсті, сабағы түкті көпжылдық өсімдік. Бұл гүлдің барлық түрлерін қыш құмырада өсірген дұрыс.

Өсімдікті көктемде шырпыл, кесінділерін қалемше ретінде пайдаланып және оларды 2 бөлігі жапырақ шіріндiлері аралас топырақтан, 1 бөлігі шымтопырақ пен қарашірік топырақтан, 1 бөлігі құмнан тұратын топыраққа егеді.

Бегония көлеңкелі жерді, ылғалдылықты жақсы көреді. Мамандар құмыраның астындағы ыдысқа су құйып қоюға кеңес береді. Айта кету керек, бұл гүлге күн тікелей түспеуі керек.

**Антуриум (мужское счастье)** – күтімді қажет ететін гүл. Бұл гүлді тікелей күн көзінің түсуінен сақтап, көлеңке жерде ұстаған жөн. Ылғалдылықты жақсы көретін гүл жаз айларында үш-төрт күнде бір рет суару керек. Ал қыс мезгілінде аптасына бір рет суару жеткілікті.



Жылына бір-ақ рет, көктемде ауыстырып отырғызуға болады. Гүлдеп тұрған еркек бақытының шоқ бұтасын екіге бөлу арқылы көбейтуге болады. Күтімі жақсы гүл 3 жыл өмір сүреді. Одан кейін жапырағы мен гүлі сарғайып, солады.

**Фуксия** – қызыл гүлді өсімдік. Ұсақ жапырақтары бір-біріне қарама-қарсы біткен, гүлдері нәзік, тез солғыш, сабағы жіңішке болып келеді. Фуксия жарық аз түсетін бөлмеде жақсы өседі. Оны жаз айларында көлкітіп, не бүркіп суарады. Әр 10 күн сайын қоректендіріп отырады. Ал қыста суаруды азайтып, терезеге жақын, салқын жерге орналастыру қажет. Фуксияны гүл жарған кезде орнынан қозғауға болмайды, өйткені гүлі түсіп қалуы мүмкін.

**Спатифиллум (женское счастье)** – тропикалық аймақта өсетін бұл гүл аса талғампаз, әрі күтімді қажет етеді. Гүлдің жақсы өсуі үшін жарық, ылғалды ауа және бөлме температурасы бірқалыпты, яғни жылы болу керек. Гүл солтүстік немесе күншығыс беткейге қараған терезенің алдына қойылады. Спатифиллумді тікелей күн көзінің түсуінен сақтау қажет. Әйтпесе, жапырақтары сарғайып, солып қалады. Көктем, жаз айларында мол суаруды қажет етеді. Судың 12 сағат тұндырылған және бөлме температурасымен бірдей болғаны ләзім. Сондай-ақ, гүлді жылы сумен бүркіп тұрған абзал. Дегенмен, бүршік жарып тұрса, оған су тимес үшін шүберекпен жауып қойыңыз.

**Ғаламтор желісінен алынды**




Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры
Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор
Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Гүлнұр БАЙМҰХАН – редактордың орынбасары
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – Тілші

Меншік иесі
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000
Тапсырыс № 187

Индекс 15534